Анотация: Современные преобразования в обществе, его быстрая информатизация, динамичность кардинально изменили требования к образованию. Основной целью образования становится не простая совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личная, социальная и профессиональная компетентность-умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально и эффективно жить и работать в быстро изменяющемся мире.

Важнейшим фактором успеха в обучении является интерес студентов к занятиям. Интерес студентов к учению надо рассматривать как один из самых мощных факторов обучения.

Современная дидактика, обращаясь к игровым формам обучения на занятиях, справедливо усматривает в них возможность эффективной организации взаимодействия педагога и учащихся, продуктивной формы их обучения, с присущими им элементами соревнования.

Игра – творчество, игра – труд. В процессе игры у студентов вырабатывается привычка сосредотачиваться, мыслить самостоятельно, развивается внимание, стремление к знаниям. Интеллектуальные игры создают ситуации успеха, есть успех, есть желание учиться.

«Игру можно назвать восьмым чудом света, так как в ней заложены огромные воспитательные и образовательные возможности. В процессе игры приобретаются самые различные знания о предметах и явлениях окружающего мира. Игра развивает наблюдательность и способность различать отдельные свойства предметов, выявлять их существенные признаки. Игры оказывают большое влияние на умственное развитие обучающихся, совершенствуя их мышление, внимание, творческое воображение»

В игре привлекает поставленная задача и трудность, которую можно преодолеть, а затем радость открытия и ощущение преодоленного препятствия. Именно поэтому всех людей независимо от возраста привлекает игра.

Ключевые слова: коммуникативный, личность, виды игр, прививать навыки, разноуровневое, разговорная речь, лексический, грамматический, логический, интересы.

Abstract: The modern transformations in society, its fast informatization, dynamism cardinally changed requirements to education. The main goal of education is based on the personal, social and professional competence, ability of students, and it becomes the main objective of education to get, analyze and efficiently use information, ability of living rationally and efficiently.

The most important factor of success in tutoring is to arose interest of students at the lesson. Interest of students to the doctrine should be considered as one of the most potent factors of tutoring.

The modern didactics, addressing game forms of education, fairly sees in them

possibility of the efficient organization of interaction of the teacher and students, a productive form of their tutoring, with elements of competition inherent in them.

Game is a creativity, game is a work. In the course of game students develop their habits to concentrate, think self-contained, activate their attention, acquire knowledge. Intellectual games create success situations, where there is a desire to study, there is a success.

"It is possible to call game the eighth wonder of the world as there huge educational and educational opportunities are put. In the course of games they acquire the most various knowledge of subjects and the world around phenomena. Game develops observation and ability to distinguish separate properties of subjects, to reveal their essential signs. Games have a great impact on intellectual development being trained, improving their thinking, attention, creative imagination".

The moment of game always attracted both pupils and students in carrying out the tasks and how to overcome them. That is why it is very important to use games at all stages of teaching a foreign languages.

Key words: *communicative, person, types of games, impart skills, different levels, informal conversation, lexical, grammatical, logical, interests.*

Еліміз егемендігін алып, өзінің даму жолында шет елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастар орнатуы шетел тілдеріне деген сұранысты арттырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі тілдерінің бірі болып саналатын ағылшын тілін оқыту да білім беру бағдарынан тыс қалған жоқ. Осы орайда қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда алдына қойылып жүрген ортақ міндет тілді коммуникативті бағытта оқыту. Ондағы мақсат - студенттердің қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты - студенттердің шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Ғалымдар жеке тұлғаны дамытудың бірінші кезеңіне ойын түрлерін жатқызып, ойын ой-санасының, талғамының қалыптасып, дамуында алар орнының ерекше екенін көрсетіп, ойын арқылы тұлғаның шынайы өмірге қадам басатынына назар аударады. Ойын ретінде тіл материалдарын игеруге көмектесетін және сөйлеу әрекетін дамытатын жаттығу ретінде пайдаланылады. Сабақ барысында ойын түрлерінің көп қолданылуы студенттердің ынта-жігерін оятып, ізденістерін шындап, білім алуға деген ниеттерін күшейтеді. Бұл мәселе төңірегінде психологтар мен педагогтар тұлға өмірінің әрбір кезеңіне ойын түрлері әсерінің зор екенін атап көрсетіп, нақты дәлелдеп те берген.

Осы тұрғыда шетел тілі ретінде оқытылып жүрген ағылшын тілінен деңгейлеп оқытуды студенттерге оқу материалдарын оқыту барысында ойын түрлерін пайдалану жаттығудың әрі тіл ширатар, әрі қызықты бір түрі [1,2].

Соған орай тақырыпта көрсетілген мәселе бүгінгі күнде зерттеуді қажет етеді. Ағылшын тілі сабағының ерекшелігі – студенттің сөйлеу қабілетін жоғарлату, сондықтан, жаңа технология бойынша оқытумен бірге ойын формалары да қарастырылуы керек. Ағылшын тілі сабақтарындағы ойын формаларының қолдануы зерттеліп, қызығушылық туғызу құралы ретінде олардың орны анықталған.

Белгілі жоғары оқу орындарында шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйреткенде студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кезде, шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді. Студенттердің білімін арттыру олардың жалпы дүниетанымын кеңейту мақсатында жүзеге асырылады. Осы мақсатпен анықтама әдебиеттерді пайдалану, мәтін мазмұнын өз бетімен түсінуге бейімделу және оның кейбір жерлерін түсінгендерін қысқаша айтып беру, шағын хабарлар дайындау және өз пікірін айтып, баға беру сияқты әрекеттерге дағдыландырудың маңызы зор.

Шетел тілі пәні студенттердің жан-жақты дамып жетілуіне, дүниеге көзқарасының, сана-сезімінің, рухани және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруына игі әсер етеді. Шетел тілін оқып үйрену барысында студенттер өз сөзін жоспарлай білуге икемделеді, сөз әдептерін дұрыс пайдалануға дағдыланады [2,34].

Шетел тілін оқытудың шарттарын ескере отырып, студенттердің бітіргеннен кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін қалыптастыруға мән берілуге тиіс. Осыған орай шетел тілін оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғы шарты - оқыту әдіс-тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады.

Үнді-еуропалық тілдер тобына жататын ағылшын тілі типтік жағынан да, генетикалық жағынан да қазақ тілімен салыстыруға келмейтін, өте қиын тіл. Бұл жағдай тілді үйренгісі келетін студенттерді зеріктіріп, әрі шаршататыны сөзсіз. Шетел тілі ретінде оқытылатын басқа тілдерді (ағылшын, неміс, француз т.б.) оқытуда алфавит 1-2 ай шамасында оқытылатын болса, жалпы жылдық шетел тіліне белгіленіп берілген сағаттың барлығында грамматикалық және лексикалық талаптармен қатар ағылшын тілінің фонетикасы яғни ағылшын тілі графикасы қатар оқытылады. Оның сыры ағылшын графикасындағы 6 дауысты және 20 дауыссыз дыбыстары болып, олардың кейбір тіркестері (th, ur, ear, т.б.) ерекше дыбыстарды белгілеп, әрқайсысының өзіндік дыбысталу ерекшелігінің күрделілігінде. Ана тілінің тілдік материалдарын енді ғана терендете оқуды бастаған студенттер және кейбір студенттер үшін бұл әрине қиындау тиеді. Осы орайда студенттерді әрі тынықтырар, әрі өтілген және өтілетін материалдарды тиянақтауда ойын түрлерінің алар орны ерекше.

Сабақты ойын түрлерін пайдалана отырып, жүргізу оқыту әдістемесінің белсенділігін арттыратын, қосалқы мүмкіндік тудыратын тәсіл деуге болады. Г.А.Китайгородская бұл қағиданың нәтижесінде жеке тұлғаның барлық сипаты, сапасы, соның ішінде ақкөңілділік, кеңпейілділік, еркіндік көрініс тауып, оның ерекшеліктерінің кең түрде бейнеленетінін атап айтады. Ойынды сабақта қолдану студенттердің өзіне-өзінің сенімін арттырып, білімге деген ұмтылысын арттырады [3,56].

Қандай да болмасын ойынды өткізу үшін оқытушы алдын ала *жоспар* құрып алуы қажет. Ол жоспар, әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда, мынадай шарттарға жауап беруі тиіс:

- ойынның өтілетін сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі;
- ойынға бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі;
- ойынның ойналу түрінің топ болып ойнау, жұп болып ойнау, т.б. нақтылануы;
- ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы;
- қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтар, өлендердің тандалынып алынуы;
- пысықталатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдардың анықталуы;
- ойынның өту барысының жоспары жасалуы [4, 234].

Психолингвистикалық зерттеу мәселелеріне сүйенсек, шетел тілін студенттерге терең жеткізу үшін оларды осы тілде өз ойларын жетік айтуға ойын түрлерін қолдануға баулуымыз қажет. Сәбидің өзі ана тілін алғаш ауызша үйренуі секілді шет тілін үйретуде де біз табиғилықты сақтағанымыз абзал, естіп, сөйлеп, оқыған соң жазып үйренген баланың есінде тілдік материалдар ұзақ сақталады. Сабақтың жеңіл, ықшам әрі қызықты өтуі студенттердің материалды толық игеруін қамтамасыз етеді.

Сабақ – жоғары оқу орны оқу-әдістемелік жұмысының негізгі формасы. Оны шеберлікпен ұйымдастыру арқылы ғана табысқа жетуге болады. Әрбір сабақ оқу үрдісіндегі шешуші буын және ол оқытуды жетілдіру, қажетті технологиялық түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамудың керектігін талап ететін, даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Әрбір сабақтың негізі - оның заңдылықтары. Бүгіннен ертең жақсы оқытуымыз керек, бұл-аксиома, сондықтан бірінші кезекте әрбір оқытушы білімін жан-жақты жетілдіріп отыруы тиіс. Екіншіден, шәкірттің психологиясына айрықша көңіл бөліп, терең зерттеу жүргізіп, оқытудың педагогикасына талдау жасап, оқыту әдістемесін жоспарлап, оны жүзеге асыруды ақыл-ой елегінен өткізіп «Жеті рет өлшеп, бір рет кесіп» барып кіріскен жөн [5, 352].

Деңгейлеп оқытудың басты іс-әрекеттерінің бірі — ойын. Бірақ оқу орындарында ойынды сабақтан мүлде бөліп қарауға болмайды. Жалпы оқу орындарында шетел тілдерін оқыту тұжырымдамасында төменгі және ортаңғы деңгейде, тіпті жоғары деңгейдегі сабақта ойындар мен ойын элементтерін кеңінен қолданған тиімді болатыны көрсетілген. Шетел тілінде сөйлеуді, қарым-қатынас жасауды, коммуникацияға, үйретуді ниет еткен әрбір оқытушы өз сабақтарында жаттығулардың бір түрі ретінде ойындарды қолданатыны сөзсіз. Ойындарды жана тілдік материалдарды бекітуге, сабақты қызықты өткізуге, шәкірттердің тілге деген қызығуын арттыруға, білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады.

Қазіргі таңда адамзат алдында әлемдік өркениеттің ұйытқысы болып саналатын білім беру ошақтарында саналы білім беру көкейкесті мәселелердің ең маңыздысы екені рас. Халықаралық білім кеңістігіне ұмтылып отырған қазақстандықтар өзіндік жоба жасап, тәжірибе жинақтап, өркениетті ағымынан қалып қоймауға қам жасауда.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі оқу орындар жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Сабақтың мақсатын орындайтын оқытушы мен студенттердің ұжымдық, шығармашылық еңбегі деп қарастыру керек. Сабақта оқыту мен тәрбиенің мақсаттары, міндеттері жүзеге асырылады, студенттердің ой-өрісі кеңейеді, қабілеті дамиды, көзқарасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Сабақтың мақсаты-тұлғаны, оның қабілетімен дарындылығына сүйеніп дамыту. Әрбір сабақ логикалық, психологиялық тұрғыдан ұйымдасқан болу керек. Ал сабақты үздік ұйымдастыру оқытушының білімі мен шығармашылығы және тәжірибесіне байланысты. Қазіргі кезде әр сабағын түрлендіріп оқытатын әдіскер оқытушылар дәстүрлі емес сабақ түрлеріне көп көңіл бөлуде. Себебі, дәстүрлі емес сабақтарды оқыту үрдісінде пайдалану балаға білім берудің сапасын арттырады; яғни студенттердің танымдық белсенділігін, оқуға қызығуын арттырады, бастамашыл, шығармашылық әлеуетін дамытады, оқытушы оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы жағдайын іздестіреді.

Оқытудың дәстүрлі түрлерінің мүмкіндігі шектеулі, оқытушы тек оқыту жағдайында ғана болады. Ал дәстүрлі емес сабақ түрінде оқытушы мен студенттер режиссерлік, консультанттық ойлап табушы немесе суретшілік, сондай-ақ студенттің белгілі іс-әрекетін, оқу үрдісін ұйымдастырушы міндеттерін бірдей атқара алады [6, 203].

Оқытудың дәстүрлі емес сабағын, әсіресе шет тілін меңгерту кезінде пайдаланғаны орынды. Себебі, өзі білмейтін тілдің грамматикалық болсын, лексикалық болсын материалдарын ойын арқылы, сайыс арқылы, панарамалық, аукцион сабақтар арқылы жақсы қабылдап, жете меңгереді, сөздік қоры да молайып, ағылшын тілінде ауыз-екі сөйлеу дағдылары қалыптасады. Ал оқытушы үшін студенттің ағылшын тілінде ауыз-екі сөйлеу дағдысын қалыптастыру - басты мақсат.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 2004. - 2,3 бет.
- 2 Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранному языку в средней школе. -М.: Просвещение, 1991.
- 3 Lee, W. R. 1979. Language teaching games and contests. Oxford: Oxford University Press.
- 4 H.Douglas Brown. Principles of language learning and teaching. Longman, 2000. - 352
- 5 Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. Шетел тілін оқуы әдістемесі. Орал қаласы, 2002. 226 бет (203-205)

Резюме

В данной статье автор рассматривает пути формирования и развития устных речевых навыков через игровые приемы. Также в ней содержатся подробные сведения о важной роли и ценности развития мировоззрения и интереса на уроках английского языка.

Resume

In this article the author considers the ways of formation and development of student's oral speech skills through different types of game. Also it contains detailed data about an important role and value of development of students' outlook and interest at English lessons.

УДК 378.02:37.016. (14.35.) 09

Аубакирова Ж.З. - преподаватель

Аркалыкский государственный педагогический институт имени И.Алтынсарина,
Аркалык, Казахстан

СЛОВСОЧЕТАНИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ

Аннотация: В статье раскрывается работа по развитию практических навыков и умений по правильному составлению словосочетаний и использование их в речи. Изучение типов словосочетания дается в сравнении с казахским языком, где широко представлено примыкание и практически нет согласования, а управление русского языка благодаря предложно - падежной системе и многозначности предлогов существенно отличается от казахского языка. Следствием этого являются многочисленные ошибки в речи студентов на согласование и управление. Поэтому автор статьи предлагает систему упражнений по правильному употреблению словосочетаний разных типов. По установлению причины лексической не сочетаемости компонентов словосочетания:

- ужасно некрасивая – очень красивая, благодарю за внимание – благодарю за беспокойство;

- подбор к словам лексически совместимые компоненты возможных подчинительных словосочетаний: экскурс – экскурсия, длинный – длительный, бурить – бурлить.

Активным видом упражнений автор считает составление словосочетаний и предложений из разрозненных слов типа: мировой, коллекция, институт, к, 1940 г., состоять, 25000, образец, из, они, 3600, образцы, пшеница, 10000, кукуруза, 23000, кормовые и т.д. Мировая коллекция института к 1940 году состояла из 25000 образцов, из них 36000 -образцов пшеницы, 10000- кукурузы, 23000 – кормовых и т.д.

Выполнение студентами таких упражнений дает им возможность научиться правильно составлять словосочетания и употреблять их в предложении, формировать и развивать связную устную и письменную речь.

Ключевые слова: призвание, мастерство, талант, специалист, квалификация, анализ, создатель, достижение, открытие, изобретение.

Андатпа: Автор мақаласында қазақ топтарында жүргізілетін «Орыс тілінің практикалық курсы» пәнінен сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктерін үйрету жолдарын қарастырып, нақты дәлелдер берген. Жаттығу құрастыру сөз тіркесін құрап қана қоймай, олардың мағыналық жақтарын да ескерген. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін жетік қолданған. Сөздердің байланысу түрлерін мысалдармен нақтылап, тиімді дереккөздерін көрсетеді. Байланысу түрлерін оқытудағы студенттер белсенділігін көрсете алатындығын дәлелдейді. Студенттердің тапсырманы өз бетінше орындауына ыңғайлы тапсырмалар алынған. Сөйлеу тілінде белсенді әрі жиі жұмсалатын күрделі сөз тіркестерінің өзіне ұқсас тілдік құбылыстарын ажыратқан. Сөз тіркестерін үйретуге арналған арнайы жаттығулар беріліп, оқытушы студенттердің сөйлеу тілін дамытудағы негізгі бағдарламалық талаптарын шешуде айтарлықтай мағыналық түрде қамтыған. Сөз тіркестерінің орыс тілінде қолданылу

аясы және қазақ тіліндегі ерекшеліктері жайында толық баяндалған. Екі тілде салыстырмалы түрде сөз тіркесінің өзіндік ұқсастықтарын анықтай білген. Автор тақырыпты қамтуда жан-жақты қажетті мәліметтерді орынды пайдалана алған.

Тірек сөздер: бейімділік, шеберлік, дарын, маман, біліктілік, сараптау, жасаушы, жетістік, ашылу, ойлап табу.

Abstract: The author of article considers the features of studying word combinations by students of Kazakh groups in learning practical course of Russian.

The teacher develops students' skills in oral communication through using word combinations in oral and written forms of speech and doing exercises.

Much attention is paid to the content of exercises having word combinations used in different situations. There are many kinds of training tasks and exercises for developing students' skills and habits in learning the Russian language. The given tasks also develop students' habits for doing self-work at their practical classes. The author gives examples of commonly used word combinations in order students may develop their oral and speech communication.

The given article shows the way of teaching Russian to Kazakh group and how to achieve better progress of students in mastering Russian as well as other foreign languages and it will be of great help for both students and teachers of higher educational institutions.

Key words: bent, mastership, talent, specialist, qualification, analyses, creative, achievement, discovering, invention.

Программа практического курса русского языка направлена на совершенствование монологической речи и формирование таких навыков и умений, которые нужны будущему специалисту в сфере его профессиональной деятельности. Эта задача реализуется на всех этапах обучения, в т.ч. при обучении языку специальности. Большая роль принадлежит развитию практических навыков и умений пользоваться словосочетаниями, формирующими у студентов правильную речь.

На практических занятиях по русскому языку студенты должны, в частности, осмыслить и привести в систему языковые факты, в той или иной степени уже им известные, усвоить функциональные особенности языка.

Одна из таких функциональных особенностей русского языка проявляется в структуре именных и глагольно – именных сочетаний. Компоненты в них связаны по способу управления, а сложность его природы в русском языке, отличия от связи слов в казахском служат причиной многих речевых ошибок, вызванных интерференционным влиянием родного языка студентов. Кроме того, довольно труден для усвоения вопрос о разграничении понятий «словосочетание» и «сочетание слов» - одного из основных в синтаксисе русского языка. Поэтому на практических занятиях необходимыми предлагаю задания следующего типа:

1. Указать в тексте подчинительные словосочетания и сочинительные сочетания слов. Какая между ними разница?

Если бы каждый молодой человек, каждая девушка в нашей стране жили благородной, возвышенной идеей, если бы идея была у каждого стражем совести, - наше общество стало бы миром идеальной нравственной, духовной красоты. Люди сияли бы, как мечтал Горький, как звезда друг другу. Но это время не приблизится само собой. За него надо бороться. Самое трудное, что

предстоит нам сделать – и мне, и тебе, и твоим детям, - это одухотворить человека возвышенной идеей.

В.А. Сухомлинский. Письма к сыну.

2. В данных словосочетаниях определить главное и зависимое слово. Объяснить, почему эти слова называют именно так.

Психолого - педагогическая анкета, использовать анкету; молодежная аудитория, знать аудиторию; отличный аттестат, аттестат выпускника, получить аттестат; полезная беседа, беседа о литературе, участвовать в беседе; беспокоиться о друге, хороший друг, забота о друге; богатая библиотека, библиотека школы, задержаться в библиотеке; биография лингвиста, подробности биографии, узнать из биографии; благодарность детей, благодарность за заботу, искренняя благодарность, выразить благодарность; важная задача, задача для ребенка, решить задачу; добрый человек, верить человеку, память о человеке.

3. Выделить главное и зависимое слово в данных словосочетаниях. Какие свойства главного слова определяют употребление формы зависимого?

Отвечать интересам, достичь успехов, накапливать опыт, акцентировать внимание, брать за образец, вести спор, вносить дополнение, выражать признательность, выступать с докладом, выбрать профессию, влиять на ребенка, волноваться за ребенка, восхищаться ребенком, воспитать человека, вспоминать встречу, выполнять упражнения, вести кружок, вести беседу, владеть языком, внушать уважение, возбуждать интерес, вручать награду, вступать в полемику.

4. Выделить главные и зависимые слова в словосочетаниях: указать, какими формальными средствами выражена зависимость между ними. Определить падеж имен существительных.

Готовить кадры, дать поручение, делать упражнение, служить в армии, стоять на вахте, завладеть вниманием, находиться под впечатлением, предавать гласности, вступать в дискуссию, теряться в догадках, внедрять в жизнь, справляться с задачей, обращаться с запросом, выходить из затруднения, находиться под защитой, приобретать знания.

5. К данным глаголам подобрать ряд зависимых существительных в винительном падеже.

Делать, сделать, заслушать, защищать, исправлять, исполнять, испытывать, менять, напрягать, преодолевать, приготовить, любить.

6. Составить словосочетания с данными глаголами в качестве главного слова, учитывая возможность их употребления в связном тексте «Мое призвание». Определить способ связи между компонентами в словосочетаниях [1].

Выбрать, добиваться, вооружаться, принять расширять, вести, любить, отдавать, знать, работать, заниматься, пользоваться, достичь.

Очень важно выработать у студентов навык свободно оперировать именными и глагольно – именными словосочетаниями. Для этого полезно

использовать прием трансформации словосочетаний. Применение его в учебных целях на материале синтаксических единиц, наряду с совершенствованием навыков их преобразования, играет положительную роль в профессиональной подготовке студентов. Поэтому ограничимся лишь отдельными видами заданий на трансформацию словосочетаний.

1. В данных словосочетаниях заменить глагол, где это возможно, однокоренным существительным и причастием. Изменяется ли при этом форма зависимого слова? Сделать вывод о том, в каких случаях происходит такое изменение.

Образец. Закрепить успех- закрепление успеха, закрепивший успех.

Защищать Родину, устать с дороги, внедрять в практику, вступать в разговор, вникать в суть, выручать из беды, выполнить задание, выступать в защиту, выступить с докладом, решить задачу, анализировать предложение, подобрать примеры.

2. Заменить синонимами главное слово словосочетаний. Обратить внимание на то, как изменяется при этом форма зависимого слова.

Владеть знаниями (обладать, иметь), доверять старосте (верить, полагаться); известить о собрании (сообщить); провожать бабушку (сопровождать, следовать); просить преподавателя (умолять, ходатайствовать); слушаться отца (подчиняться, покоряться, повиноваться); хотеть успеха (желать, стремиться) [2].

Можно дополнить второе упражнение заданием подобрать к глаголам-синонимам по несколько подходящих по смыслу зависимых слов.

Высокая частотность глагольно - именных словосочетаний, выражающих отношения образа и способа действия, трудности, которые испытывают студенты - казахи при их усвоении, делают обучение названным конструкциями одной из важных задач.

Ошибки в речи, связанные с нарушением норм употребления таких конструкций, являются очень распространенными и устойчивыми. Это объясняется тем, что русские словосочетания со значением образа и способа действия не имеют в казахском языке прямых и единых соответствий, и студенты строят их, руководствуясь законами родного языка, где нет синтаксической связи посредством предлогов.

Русские предлоги являются особой категорией слов, которые обладают специфическим значением, уточняют, дополняют значения других слов. Главное слово в словосочетании управляет зависимым чаще всего с помощью предлога. Коммуникативная значимость предлогов русского языка определяется большой употребительностью их в речи.

Можно выделить 4 основных вида ошибок, которые допускают студенты- казахи в употреблении предложных конструкций [3]:

- 1) пропуск предлога: «нашел следу», «угадал глазам» (вм. нашел по следу, угадал по глазам);
- 2) замена беспредложных конструкций предложными: «писать с неразборчивым подчерком», «жить с радостной жизнью», «разговаривать с тихим голосом»;

- 3) замена предложных конструкций беспредложными предложениями: «узнать большой радостью», «говорить телефону».
- 4) смешение предлогов в предложных конструкциях: «кататься в коньках», «узнать из (от) голоса».

Основными причинами подобных ошибок является влияние родного языка, возможность передачи на казахском языке русских предложных конструкций беспредложными формами существительных, многозначность русских предлогов, способность некоторых из них употребляться с 2 и 3 падежами, тогда как в казахском языке каждый послелог сочетается только с одним определенным падежом.

Выполнение студентами упражнений, предложенных выше, дает им возможность научиться правильно составлять словосочетания и употреблять их в предложении, позволяет глубже осознать способы передачи отношений образа действия.

Список литературы:

- 1 Супрун А.Е. Общелингвистические курсы и их отношение к курсу современного русского языка в национальном вузе.- Русский язык в киргизской школе, 1988, №5, с.10.
- 2 Мейрамов Г.А. Методика обучения управлению русских слов в казахской школе. Алматы.
- 3 Тиховая В.В. Упражнение при изучении семантики и функционировании словосочетаний в школе.

Түйін

Автор мақаласында студенттердің тіл дамыту жұмыстарын жетілдіруге бағытталған сөз тіркестерін тәжірибеде қолданудың меңгерту жолдарын қарастырған.

Summary

The article is devoted to the ways of teaching word combinations as the basis of forming speech habits of students. The author considers methods of using word combinations by students for developing their monologue habits of speech during learning the language of their speciality.

ОӘЖ 378.02:37.016. 14.35. 09

Байдалина Ж.Ж. - аға оқытушысы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

***Андатпа:** Бұл мақалада студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру жайлы оқытушыларға бірнеше нұсқаулықтар берілген. Студенттердің өздік жұмыстары олардың өздеріне алдына мақсат қойып және соған жете білуге үйретеді. Сонымен қатар алған теориялық білімдерін тереңдетуге көмектеседі. СӨЖ студенттердің шығармашылық қабілеттерін ұштауға, логикалық ой-жүйесінің қалыптасуына көмектеседі, үй тапсырмасын орындау барысында практикалық және лабораториялық*

жұмыстарға дайындалуға, емтихан, аралық бақылауға дайындалуға аяқтал етеді. СӨЖ жұмыстарын өткізу жоғарғы оқу орнының ішкі тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. СӨЖ тапсырмаларын дайындау студенттердің білім деңгейлік жүйесіне байланысты және пәннің оқыту әдістемесіне байланысты.

Оқытушының студенттің өзіндік жұмысына басшылық жасаудағы басты құралдарының бірі – нысанды тапсырмалар жүйесінің кешені. Ол студенттердің барлық танымдық іс-әрекеттерін дамытып, бағыттап және реттеп отыруға көмектеседі. Әр оқытушы студенттердің өздік жұмыстарын өз қалауларымен тапсырмаларын дайындап, оны бағалай алады.

Тірек сөздер: дүниетаным, әлеуметтік мәртебе, қоғамдық құбылыс, оқыту үрдісі, ұйымдастыру-әдістемелік материалдар, сапа, презентация түрлері, әдіс-амал, қадағалау, жетістік, серіктес.

Аннотация: В данной статье даются некоторые рекомендации преподавателям для проведения самостоятельной работы студентов. Самостоятельная работа студентов помогает им поставить перед собой цель и достичь ее максимально эффективно. А также помогает усовершенствовать свои знания. Самостоятельная работа студентов как форма индивидуальной работы, побуждающая интеллектуальную инициативу и развивающая творческое мышление во всех видах познавательной деятельности. СРС предусматривает углубление и закрепление учебного материала при выполнении домашних заданий, подготовку к практическим и лабораторным занятиям, коллоквиумам и семинарам, зачетам и экзаменам, промежуточным и итоговому контролю. Организация СРС осуществляется в соответствии с внутри вузовскими нормативными документами. Самостоятельную работу в соответствии с уровнем самостоятельной деятельности студента и метода обучения можно подразделить на: воспроизводящие, реконструктивно-вариативные; частично-поисковые и эвристические, творческие. Выбор вида СРС зависит от учебной дисциплины с ее целей и задач, степени сложности. Каждый преподаватель имеет право создавать свои виды самостоятельной работы и разнообразить их на основе межпредметных связей.

Ключевые слова: мировоззрение, социальное положение, общественный процесс, учебный процесс, организационно-методические материалы, качество, виды презентации, методы, проконтролировать, достижение, партнер.

Abstract: This article deals with the students' making self-work for practicing (oral written speech). Student's independent work helps them to develop their knowledge, habits and skills in the subject.

This article provides some guidelines to teachers for students' independent work. Independent work of students helps them to set a goal and achieve it as efficiently as possible. As well as helping to improve their knowledge. Students' independent work as a form of individual work, encourage intellectual initiative and develop creative thinking all kinds of cognitive activity. SIW envisages deepening and consolidation of educational material with their homework, and be prepare to practical and laborotornym classes, workshops and seminars, tests and examinations, intermediate and final examinations. Organization of SIW in accordance with regulations in Undergraduate. Independent work in accordance with the level of self-activity of the student and the learning method can be divided into: reproducing, reconstructive and divergent; partial and heuristic search, creative. Choosing the form of SIW depends on discipline with its goals and objectives, degrees. Every teacher has the right to establish their independent views and diversify their work on the basis of interdisciplinary connections.

Key words: world outlook, social protection, social process, educational process, organization-methodical materials, quality, types of presentation, to control, achievement, partner.

Студенттердің өзіндік жұмыстары жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси көзқарасын дамытып, дүниетанымының аясын кеңейтетін маңызды факторлардың бірі. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін айқындауда, олардың білімін толықтыруда, өзіндік құрылымын дамытуда үлкен рөл атқарады.

Қазіргі таңда – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған күрделі де жан-жақты қоғамдық құбылыс, өзіндік оқыту жұмыстары және тәрбие түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі.

Бүгінгі күні бүкіл дүние жүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарына уақытты көбірек беріп, олардың шығармашылық қабілетінің өсуіне әсері жоқ оқу пәндерін барынша азайту. семестрдің басында дұрыс тапсырма беру, соған байланысты әр тапсырманың ұйымдастыру-әдістемелік материалдары болуы тиіс. Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі- студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін тапсырманы таңдайды, жұмыс істеп әрекет етеді 2 [4].

Негізінен алғанда, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

Студенттердің өзіндік жұмыстарын жоспарлау:

әдістемелік қамтамасыз ету,

бақылау және орындалу бағасы,

талдау және жетілдіру.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – презентация түрлері, слайдтар көрсету, әртүрлі мәтіндегі фото суреттер болып саналады, ол белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын пікірталас түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әртүрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді 1[5].

Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – студенттің қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік бағалау қабілетін қалыптастырады.

Әрбір студенттің білімінің өсуі мен жетілуі оқыту барысында табысты болуы үшін, оқытушы олардың әрқайсының қабілетіне байланысты бейімделген және ерекшеліктеріне сай болуға тиісті, яғни бұл жерде жеке студентке серіктес ретінде құрметпен қараудың да маңызы зор. Айтып қана қоймай, сонымен қатар, білім беру ісінің сапасын арттыру үшін оқыту үстінде оң қабақ танытып, ұнамды көңіл қоюдың да мәні зор 4[2].

Сабақ өткізу кезінде іскер ойын ұйымдастыру да үлкен жетістікке жеткізетіндігі жаңалық емес. Ойынның мақсаты оқу жоспарының

мағынасына, студент-ойыншылардың құрамына, олардың дайындығына, ойынға кететін уақытқа және сабақтың тақырыбы мен мәніне байланысты шешіледі. Ойын пікірталасқа негізделген мағыналы, ақпаратты және берілген сабақтың тақырыбын ашатын нақтылы болуға тиісті. Ойынға қатысушы студенттер нақтылы жағдайды өз беттерімен қарастырып, ойынның мақсатына өз жетістіктерімен жетулері тиіс. Ең бастысы – оқытушы ойынды ойыншы қауымның өздері ұйымдастыруына ерік беріп, оларды қанағаттандырып отыруы керек.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын тиімді шешудің және бір түрі – үйренген оқыту әдісінен алшақ, қазіргі кезге сай ғылыми дәйектелген және жете зерттелген оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын оқыту үрдісіне енгізу. Студент оқулықты жете түсініп, жеңіл қабылдауы үшін, сабаққа өздігінен дайындалу барысында қолданатын әр пәннің лекциялық курстары, оқулықтары және оқу құралдары міндетті түрде оқу жоспарына сәйкес болғаны жөн. Сонымен қатар барлық қажетті оқу-әдістемелік және анықтама материалдары баспа түрінде де, электронды түрде де жеткілікті және қол жеткізерліктей болуы міндетті.

Оқытушының студенттің өзіндік жұмысына басшылық жасаудағы басты құралдарының бірі – нысанды тапсырмалар жүйесінің кешені. Ол студенттердің барлық танымдық іс-әрекеттерін дамытып, бағыттап және реттеп отыруға көмектеседі 3[16].

Студенттің білімді меңгеруі мен білім алуға деген қызығушылығы және оның үлгерімінің жоғары дәрежеде болуына оның жаңа қоғамдық ортадағы студенттермен, оқытушылармен, жоғары оқу орнының әкімшілігімен өзара қарым-қатынасының жақсы болуы үлкен әсер етеді. Сондықтан профессор-оқытушылар құрамының студенттермен жұмыс жасау жағдайы олардың бейімделуіне үлкен әсерін тигізеді.

Дербес танымдық қызметте оқытушы және студент жүйесінің іс-әрекетіндегі жетістікті анықтайтын маңызды факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас болып табылады. Ол мұндай жағдайда хабар алмасу ретінде емес, адамның басқа адамдармен өзара байланысының тұрмыстық тәсілі ретінде қарастырылады.

Егер студенттерге білім беру және іскерлік пен дағдыны сіңдіру үрдісі педагогикалық қарым-қатынастың қандай ынталандырушы түрінде берілгендігі және ұйымдастырушылығы ескерілмесе, онда сабақтың сәтті болуын мәтіндердің мазмұны да, тиімді жаттығуларды да, әдіс-тәсілдер мен құралдарды іріктеп алу да қамтамасыз ете алмайды. Сабақта қарым-қатынас кезінде сезімталдық пен тілектестік, табиғилық пен еркіндік, адамгершілік жағдайын жасау студенттің тілдік қызметін және белсенділігін жандандырады. Әдеттегідей, оқытушы сабақтарда студенттермен іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыруға тырысады, онда шет тілінде сөйлеуді қолдайтындығын, ынталандыратындығын, қуаттайтындығын және тағы басқа танысу үшін қолданылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мектептегі шетел тілі, №4, шілде/тамыз 2012
- 2 Шетел тілін оқыту әдістемесі, №6, 2011
- 3 Мектептегі шетел тілі, №6, қараша/желтоқсан 2009
- 4 Ағылшын тілі мектепте, №4.2009

Резюме

Самостоятельная работа студентов помогает им поставить перед собой цель и достичь ее максимально эффективно. А также помогает усовершенствовать свои знания. Самостоятельная работа студентов как форма индивидуальной работы, побуждающая интеллектуальную инициативу и развивающая творческое мышление во всех видах познавательной деятельности

Resume

This article provides some guidelines to teachers for students' independent work. Independent work of students helps them to set a goal and achieve it as efficiently as possible. As well as helping to improve their knowledge. Students' independent work as a form of individual work, encourage intellectual initiative and develop creative thinking all kinds of cognitive activity.

ӘОЖ 378.02:37.016. 14.35. 09

Бабасова А.А. - магистрант

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІН САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Андағна:** Мақалада студенттердің жеке дара зерттеушілік қабілеттерін арттыруда саралап оқыту технологиясының тиімділігі жайлы айтылады. Білім берудің әдетке айналған оқу үрдісінде оқытушыға басымдылық рөл берілсе, қазіргі қоғамда студент өз алдына белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, ол өздігінен оқу керек. Ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жағдайы әрбір жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ашу болмақ. Зерттеушілік қызмет дегеніміз – жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет. Осы қызметті қалыптастыруда саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол оқытушы тарапынан студенттерге берілетін көмек болуы тиіс. Студенттердің зерттеушілік білігі артқан сайын оқытушы жанама басшылыққа көңіл бөледі де студенттердің дербестігі және жұмысқа ынтыласы арта түседі. Бұл студенттерде зерттеушілік қызметтің қалыптасуына, дамуына ықпал етеді. Студенттерді деңгейлеп-саралап оқыту - студенттің физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үрдісінде өз мүмкіндігіне сай зерттеушілік қызметпен айналысуға, сәйкес сұрақтарды шешуге, дұрыс қорытындылар жасауға мүмкіндік тудырады. Тәжірибеде деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдаланған сабақтарды дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда келесі жетістіктерге қол жетті: топтағы барлық студент бірдей жұмыс жасайды, әрбір студент өз қызығушылығына қарай деңгейлік тапсырмалар мен зертханалық жұмыстарды орындауға мүмкіндік алды, өз нәтижесі үшін жұмыс жасап, зерттеулер жүргізуге бейімделді, ой жүйелілігі мен зерттеушілік іс-әрекеті қалыптасты, оқытудың тиімділігін артты. Саралап оқыту технологиясы, студенттің де оқытушының да белсенді зерттеушілік қызметін арттырады.*

Тірек сөздер: технология, зерттеу, оқытушы, студент, дербестік, қабілет, талдау, қорытындылау, саралау

Аннотация: В статье рассматривается эффективность технологии дифференцированного обучения при формировании исследовательских способностей студентов. В традиционном обучении приоритетную роль занимал преподаватель, а сегодня студент показывает активность и самостоятельность. Главной задачей преподавателя является раскрытие индивидуальных интересов и возможностей. Исследовательская деятельность - это творческая деятельность направленная на получение нового образования. Основной позицией дифференцирования при формировании этой деятельности является дополнительная помощь студенту от руководителя. Руководитель обращает внимание только на косвенное руководство, а это развивает у студента самостоятельность и интерес. С помощью уровневых заданий растет уровень исследовательской компетенции студентов. Дифференцированное обучение студентов – дает возможность заниматься исследовательской деятельностью, решать соответствующие вопросы и делать правильные выводы, учитывая физиологические, психологические особенности. В практике, при применении данной технологии по сравнению с традиционным методом обучения, автор добился следующих результатов: все студенты группы работают одинаково; каждый студент получил возможность решать уровневые задание и лабораторные работы по своему интересу; студент приучился делать выводы для своего результата; сформировался высокий уровень исследовательской деятельности; вырос эффективность обучения. В итоге технология дифференцированного обучения повышает активную исследовательскую деятельность и студента и преподавателя.

Ключевые слова: технология, исследовать, преподаватель, студент, самостоятельность, способность, анализировать, заключать, дифференцировать.

Abstract: The article examines the effectiveness of technology in the formation of differentiated learning research abilities of students. In traditional training priority role held teacher and student today shows activity and independence. The main task of the teacher is the disclosure of individual interests and capabilities. Research activity is a creative activity aimed at the receipt of new education. The principal item of differentiation in forming this activity is an additional help to the student from a tutor. A tutor pays attention to only indirect guidance, and it develops independence and interest for a student. With the growing level of tasks research competence of students also grow. Differentiated instruction of students - gives the opportunity to engage in research activities to solve appropriate questions and make the right conclusions, considering the physiological, psychological characteristics. In practice, the application of this technology compared to the traditional method of teaching, the author has achieved the following results: all the students work in the same group; each student had the opportunity to solve the task and leveled practice work on his interest; student learned to draw conclusions for their results; formed a high level of research activity; increased learning efficiency. As a result, differentiated teaching technology enhances active research activities and student and teacher.

Key words: technology, research, teacher, student, independence, ability, analyze, conclude, differentiate.

Еліміздің болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны - жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге

лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Қазір Республикадағы оқу орындарының педагогикалық ұжымдары ұсынып отырған көп нұсқаулықты пайдалана отырып, әрбір оқытушы өзінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша сабақ беруіне мүмкіндік алған. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып қолдану қажет. Себебі, бүгінгі таңда білім берудің озық технологияларын меңгермейінше сауатты да жан-жақты болу мүмкін емес.

Сондықтан жаңа педагогикалық технологияларды енгізу - оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Студенттек мемлекеттік стандартты ғана игермей, өз қабілетіне қарай бағыт таңдау, зерттеушілік қызметін әрі қарай дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда оқытушының шығармашылық белсенділігі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Химия сабақтарында студенттердің зерттеушілік қызметін қалыптастыру үшін саралап оқыту технологиясын өз тәжірибеме енгіземін. Зерттеушілік қызмет дегеніміз – жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет. Студентті зерттеушілік қызметке үйретуде оқытушының өзі дайын болуы, демек оқытушыда зерттеушілік қызмет қалыптасуы шарт. Ол үшін оқытушы зерттеушілік дегеніміз не, зерттеушілік тапсырмалар, оларды пайдалану әдістемесі, студенттердің зерттеушілік қызметі туралы толық түсінігі болуы керек. Осы қызметті қалыптастыруда саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол оқытушы тарапынан студенттерге берілетін көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қолданылады:

1. деңгейлеп саралау
2. бағдарлап саралау

Деңгейлеп-саралап оқыту – студенттердің бір топта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде оқытушы алға қойған мәселені анықтау үшін зерттеудің мақсатына қарай студенттерді бағыттап, түрлі деңгейлік тапсырмалар беріп отырады. Содан соң алынған нәтижелерді саралап, қорытындыны тұжырымдауға тікелей де, жанама түрде де басшылық етеді. Студенттердің зерттеушілік білігі артқан сайын оқытушы жанама басшылыққа көңіл бөледі де студенттердің дербестігі және жұмысқа ынтасы арта түседі. Бұл студенттерде зерттеушілік қызметтің қалыптасуына, дамуына ықпал етеді. Студенттердің деңгейлік тапсырмалар арқылы игерген зерттеушілік біліктілік деңгейлері неғұрлым жоғары болған сайын олардың білімдері де жоғары болады.

Зерттеушілік іс-әрекетке бейім студенттің төмендегідей сипаттамаларына көңіл бөліну керек:

- жұмысты орындауға деген жоғары деңгейдегі талпыныс;
- жаңа біліммен және біліктілікпен қарулануға деген белсенді ұмтылыс;

- алынған ақпаратты талдауға, жинақтауға, қорытындылауға және өз қызметінде пайдалана отырып нәтиже шығаруға деген қабілеттілік;
- өз көзқарасын басқаның пікірімен сәйкес келмесе де дәлелдеуге талпыну;
- белгілі бір қызмет түрінде басқа студенттермен сайысуға деген ұмтылыс.

Зерттеуші - студент педагогикалық-психологиялық көзқарас бойынша интеллектуалдық қабілеті ерекше сипатта болуы шарт. Бұл тұрғыда психологтар олардың ішіндегі негізгілерін атап көрсетеді.

- Жадыда сақтау: студенттің берілген ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтай білу қабілеті.
- Зейін: студент санасының белгілі бір объектіге шүйіліп, оның айқын бейнеленуін қамтамасыз етуі.
- Талдау және жинақтауға деген қабілеттілік: студенттің берілген ақпаратты тез арада талдап және керісінше жинақтап өз тұжырымын айта білуге қабілеттілігі.
- Ойдың өнімділігі: студенттің алдына қойған мәселелері бойынша бірнеше шешімдер таба білуге қабілеттілігі және өз қызметінің нәтижесі бойынша ең жоғарғы деңгейге жетуге деген талпынысы.
- Ой ерекшелігі: студенттің тың идеялар таба білуге қабілеттілігі.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында төмендегідей төрт деңгейді көрсетуге болады:

- 1) Танымдық деңгей. Бұл деңгейде жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырмалар беріледі. Алайда бұл тапсырмалар өткен сабақтарда алған білімге және студенттің жеке қажеттіліктеріне байланысты беріледі.
- 2) Алгоритмдік деңгей. Мұнда студент тапсырмаларды оқытушы түсіндірген ақпаратты пайдалана отырып орындайды.
- 3) Эвристикалық деңгейде студент өз бетінше ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жұмыс жасайды.
- 4) Шығармашылық деңгей – студенттің таза өзіндік шығармашылығы байқалады.

Студенттерді деңгейлеп-саралап оқыту- студенттің физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту үрдісінде өз мүмкіндігіне сай зерттеушілік қызметпен айналысуға, сәйкес сұрақтарды шешуге, дұрыс қорытындылар жасауға мүмкіндік туғызады.

Менің педагогикалық мақсатым:

1. Білімнің мазмұнын және сапасын арттыру;
2. Әр сабаққа оқытудағы жаңа технологиялардың артықшылықтарын барынша пайдалану;
3. Топтың және әрбір студенттің шығармашылығын арттыру мақсатында жұмыс істеу.

Менің тәжірибемдегі деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдаланған сабақтарды дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда, білім сапасының өскендігін байқаймын.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын химия сабақтарында қолдана отырып, зерттеушілік қызмет қалыптастыру үшін тиімді технология екендігіне көз жетті.



Қазіргі кездегі мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді.

Қорытындылай келгенде, саралап оқыту технологиясы зерттеушілік қызметті қажетті деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол студенттің зерттеу, нәтиже шығару, тұжырымдау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін дамытуға көмектеседі. Саралап оқыту технологиясы, студенттің де оқытушының да белсенді зерттеушілік қызметін арттырады.

Егер деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын химия сабағында тиімді пайдаланса, студенттердің пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік қызметі, іскерлігі, шығармашылығы артады. Әрбір студент оқу процесінің субъектісіне айналып, нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны, білім сапасы жоғарылайды.

Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін студентті ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету мектептен басталуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2005 жыл
- 2 Доровский А.И. Дидактические основы развития одаренности учащихся. – М.: 1998. – С . 7 – 14
- 3 «Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдіру ». - Қобдиқова Ж.У. А.: 2005 жыл
- 4 «Химия. Биология. География » журналы, №5, 2003 жыл
- 5 «Молодому учителю » М.: 1965

Резюме

В статье автор рассматривает образовательную практику дифференцированного обучения студентов в аспекте их саморазвития. В условиях внедрения новых информационных технологий эта проблема приобретает особую актуальность.

Resume

In the article the author considers educational practice of the differentiated teaching of students in the aspect of their self-development. This problem became especially important in the conditions of introducing new informational technologies.

ОӘЖ 378.016:81:004

Бижанова Ж.А. - магистрант

Орталық – Азия университеті, Алматы, Қазақстан

ТЕСТ - ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

«Бағдарламаларды тестілеу бар қателерді көрсету үшін қолданылуы мүмкін, бірақ ол қателердің жоқтығына күмән келтіреді», Дейкстра

XXI ғасыр басталысымен-ақ, жалпы Еуропалық ұйымға ену мақсатында болашақ ұрпақты әлем мәдениетіне араластыру туралы, жастардың білім деңгейінің еуропалық стандартқа тарту мәселелері туралы, кемінде, екі шетел тілін меңгеру және т.б. көкейтесті сұрақтар туа бастаған болатын. Шетел тілі бойынша мемлекеттік білім стандарты авторларының көмегімен көптеген қазақстандық оқу мекемелерде коммуникативті міндеттерді қалыптастыру сияқты шетел тілін оқыту мақсаттарының кеңейтілген түсіндірмелері алға жылжып келеді. Ақпараттық оқыту технологияларының және модульдік оқыту тәсілінің оқу үрдісіне кеңінен ене бастауына сәйкес оқыту, білім және біліктілік сапасын бақылау, бағалаудың негізгі формасы ретінде тестік форма қолдануда. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында ағымды емтихандар негізінен тест әдісімен өткізілуде және де бұл процесте негізінен тестілеудің жабық формасы пайдаланылады.

Тестілеу — өзіндік және педагогикалық білім модельдерінің сәйкестігін бағалау процесі. Тестілеудің басты мақсаты – осы білім модельдерінің бір-бірімен сәйкес келмеуінің деңгейін бағалау.

Тестілеу нақты тестік тапсырмалар жинағынан тұратын арнайы тестер көмегімен жүргізіледі. Тестік тапсырмалар жинағынан тұратын арнайы

тестер көмегімен жүргізіледі. Тестік тапсырма деп нақты пән облысынан анық және түсінікті етіп берілетін сұраққа бір мәнді жауапты немесе нақты алгоритмді орындауды талап ететін тасырманы айтады.

Тест – нақты пән облысынан оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысқан тестік тапсырмалар жинағы.

Тестің эквиваленттік класы деп – оқушының тест тапсырмаларының ішінен бір нұсқасын орындаса алғашқыларын орындауына да мүмкіндік беретін тестік тапсырмалар жинағын айтады.

Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыстап ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру деңгейін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақтар жүйесінде білім, біліктілік және дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудің сапасы, біліктілік пен дағдының қалыптасу деңгейі анықталады. Сонымен қатар тестік тапсырмаларды дұрыстап, қойылатын мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту және жүйелеудің тиімді құралы ретінде де пайдалануға болады. Сол үшін оқу үрдісінде тестілеудің тек бір формасын ғана емес, оның әртүрлі формаларын және типтерін пайдаланған жөн.

Шетел тілін оқытуда бақылаудың тиімді құралдарының бірі тест болып табылады. Шетел тілін оқытуда тестілеу

- 1) іс-әрекеттің нәтижелілігіне жету деңгейін анықтау үшін;
- 2) іс-әрекеттің белгілі бір түріне қабілеттілігін тексеру үшін;
- 3) іс-әрекеттің қандай да бір түрін меңгеру қиыншылығын білу үшін және сол қиыншылықтарын болдырмау шараларын табу үшін жүргізіледі.

Бақылау жұмысының алуан түрлері болады:

жабық сұрақ ретінде – «иә» немесе «жоқ» жауаптарын талап етеді (мәтінге сәйкес); ашық сұрақ ретінде – оқушының нақты әрі толық мағыналы жауабын талап етеді (мәтінге сәйкес); 4-5 жауаптың бір ғана дұрысын табу:

1. Көпше түрде берілген сөзді табыңыз:
a) child, b) childs, b) children, c) childrens;
2. Керекті есімдікті табыңыз:
I know there is in that box.
a) some, b) something , c) anything;
3. Тәуелдік септіктің дұрыс пайдалану нұсқасын көрсетіңіз:
Can I take my _____ watch, please.
a) fathers, b) father`s, c) fathers`
4. Сөйлемді дұрыс аяқтаңыз:
The symbol of the USA is a _____ .
a) red rose b) maple leaf c) bald eagle
5. Сөйлемдерге керекті етістіктің түрлерін қойып шығыңыз:
1)you like to go for a drive this weekend?

- 2) You a dictionary to translate this text into Russian.
- 3) If you have a toothache you go to the dentist at once.
- 4) He at school yesterday.
- 5) We a dictation at the lesson tomorrow.
- 6) I English words at this moment.
- 7) He usually detective films in the evening.
- 8) This computer ...very often, use another one.
- 9) This poemby Pushkin many years ago.

a) was, b) should, c) will write, d) was written, e) need, f) is used, g) am learning, h) would, i) watches.. [1,44];

Мәтінді оқып, мағынасына байланысты қойылған тапсырмаларды орындай сияқты бақылау түрі (Мәтінді оқыңыз: The first stamp in the world was an English stamp. It was made in 1840 to pay the postage on letters going to different parts of the country. Stamps are always interesting because they have pictures on them of the countries they came from; pictures of animals and birds living in jungles or on far-away islands; and pictures showing people dressed in their national costumes. A stamp collection is not only a good textbook of history and geography. It is also a source of information on many other subjects. Sometimes there are mistakes on stamps. For example, the St. Kitts and Nevis stamp, issued in 1903, showed Christopher Columbus looking through a telescope, an instrument which was unknown in his day. On a German stamp, issued in 1956 in commemoration of the composer Schumann, the music printed on the stamp was not written by Schumann. The people knowing music well saw this mistake at once.

Келесі сөйлемнің дұрыс не бұрыс екенін анықтаңыз. Егер дұрыс болса Т-ны таңдаңыз, егер бұрыс болса – F:

- 1) The first stamp in the world was made in the USA. T F
- 2) The first stamp appeared in the 19-century. T F
- 3) A telescope was already known in the time of Columbus. T F
- 4) In 1956 a stamp in commemoration of Shubert was made. T F. т.б.

Оқу үрдісінде қолданылатын оқушы қабілеті мен дағдысын, білімін тексерудің дәстүрлі әдіс-тәсілдері оңтайлы бақылап тексеру талаптарына әрқашан сай бола бермейді. Бақылаудың тиімді формаларын іздестіру тесттік әдістер жүйесіне қызығушылық туғызды. Әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың қаншалықты білімділігін тексеру үшін қолданылатын тесттер: стандартты және стандартты емес (мұғалімдік) тесттер болып ажыратылады. Шетел тілдерін оқыту әдістемесінде стандартты тілдік тесттер, негізінен, барынша көп мамандар тобымен құрылады. Олар ереже бойынша жалпы оқу курсына қамтылатын тараулардың маңызды бөлімдеріне айқын сипатта сұрақ, тапсырмалар арқылы құрастырылады.

Ал, мұғалімдік тесттер олар өздері оқытып жатқан оқушылардың білімін, дағдыларын, қабілеттілігін тексеру мақсатында бір немесе екі оқытушымен құрастырылатын тесттер. Бұл тесттің мақсаты – ереже бойынша тексеру үрдісінде оқу материалының (грамматикалық тақырыптардың, оқу құралындағы бірнеше сабақтар лексикасының,

мәтіндердің аңғарылуы, т.б.) оқушы санасында кішкентай көлемде болсын бейнесін қалыптастыру.

Мұғалімдік тесттің өзіне тән ерекшеліктері болады. Бұл тесттің түрі стандартты тестке қарағанда тез уақыт ішінде құрастырылып, өзгертулер енгізіле алатындығымен сипатталады. Стандартты тесттерді құрастыру үшін бір немесе бірнеше жыл кетуі мүмкін болғанымен, бұл тесттерде тереңнен мән-мағынаның тұжырымдалғаны күрделеніп қарастырылады.

Сол себепті, стандартты емес тесттер қолдануға өте икемді келеді. Өйткені, олар шын болған жағдаятпен санасып, оқу үрдісіндегі өзекті мәселелерді қозғауда маңызды сұрақтармен және нақты жағдайда оқушының білімін тексеру мақсатында құрастырылады.

Мұғалімдік тесттердің ең маңызды бір түрі – жабык-тест (cloze-test) деп аталады. Тесттің бұл түрі әдістемелік оқулықтарда тағы толықтауыш немесе бұрынғы қалпына келтіру деген атпен де кездеседі. Оны алғаш рет американдық ғалым В.Тейлор ұсынған болатын. Ол кез келген мәтінді оқып, түсіну қандай қиындық туғызатынын және осы мәтін қандай деңгейде оқушыда қызығушылық туғызатынын анықтау үшін пайдаланып көрді. В.Тейлор тест нәтижесі мен сол мәтіннің мағынасы бойынша құралған сұрақтардың жауап нәтижелері арасында жоғары өзара байланыстылық коэффициентін (0,76) аңғарды. Осы кезден бастап жабық-тест өз ана тілін және шетел тілдерін оқыту тәжірибесінде жазбаша түрде жүргізілетін бақылау жұмысының тиімді түрі ретінде кеңінен қолданысқа ие болды. Оның басты ерекшелігі – тесттің мән-мазмұнының мәтінмен (монологта да, диалогта да) тығыз байланыстылығында. Яғни, ол бір жағынан, тілдің ұйымдастырылуына, екінші жағынан – тіл қолданылмайтын жағдайлардағы ақпараттармен қамтамасыз етіледі. Мәтіндегі лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктердің үйлесімділігі тексерілетін тілдік материалдардың абстракциялық үлгісін сипаттайды. Яғни, клоуз-тестті орындаудағы үлгерімділік оқушының берілген мәтінді мейлінше, тез ұғынып, мәтінде суреттелген кейіпкерлердің көңіл-күйі мен олардың істеген әрекеттерін, және олардың арасында болатын жағдайларды байланыстыра білуі қажет болады. Бұл өз кезегінде, оқытылып жатқан тіл лексикасын қалай меңгергенін, оның тілдік тапқырлығы қандай дәрежеде дамығанын және ол әрбір анықталған тесттік жағдаяттың мәтінін адекватты түрде түсінгенін тұжырымдайды. Бұдан қорытындылай келе, клоуз-тест оқушыларда тиісті тілдік негіз қаланған кезде (оқудың ілгері жылжу кезеңінде) барлық оқу үрдістерінде бақылау үшін қолдануға болады [2, 58].

(Close)жабык-тестті құрастыру әдістемесі аса қиын емес. Бұл тестті дайындауда оқытушы тәжірибеде тексерілген мынадай ұсыныстарды білуі қажет. (Close)жабык -тесттің негізі ретінде мәтін ішінде «т.б., т.с.с., 5-ші, 7-ші» деген қысқартуларды санамағанда көлемі кемінде 100 сөз болатын 300-400 сөзден аспайтын бір прозаның үзіндісін алу керек. Таңдап алынған проза үзіндісі мағыналы, толық, аяқталған ойды білдіретіндей, ал жіберілген сөздер контекст бойынша оңай қалпына келетіндей болуы ықтимал. Осыған мысал

ретінде А.П.Старковтың ағылшын тілі оқулығынан мына мәтінді алуға болады:

Newspapers and magazines play a very (1) role in our life. There is (2) no family that does not receive (3) or two newspapers and magazines. Each (4) on the 5th of May the (5) people of the Soviet Union celebrate (6) traditional Press Day. The working people (7) the heroes of our time. They (8) described In articles, stories and reports. (9) Soviet press pays much attention to (10) cultural needs and communist education. It (11) against bourgeois ideology and everything that (12) in the way of progress. The (13) of the Soviet press are proletarian (14) and friendship, they are the ideals (15) Communism. (Ключ: 1 — important; 2 — practically; 3 — one; 4 — year; 5 — working; 6 — their; 7 — are; 8 — are; 9 — the; 10 — their; 11 — struggles; 12 — stands; 13 — ideals; 14 — internationalism; 15 — of.). Дайындалған мәтін таратылады. Оқушылар осы мәтінді іштерінен екі рет оқып шығады. Бірінші рет оқығанда, олар алдымен мәтіннің жалпы мән-мазмұнымен танысады, ал екінші рет оқығанда — мәтіндегі жіберілген сөздердің орнын мағынасына орай толтырып шығады. Оқушылар ойлап тапқан сөздерін жабық-тестке немесе жауаптарын арнайы сұрақ парақшасына жазады. Жіберілген сөздердің дұрыс толтырылуын қадағалау оқу үрдісінде лексикалық материалмен қалай қамтылғанын, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара байланыстылығын көрсететін мәтінді қалай түсінгенін сипаттайды.

(Close)жабық-тесттің көмегімен оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі және мәтінді оқу кезіндегі оқушы лексикасының деңгейі дәлме-дәл және объективті түрде қалыптасады.

Біздің ойымызша, жабық-тест дыбысталған шетел тілдік сөйлеуді түсінуді тексеру құралы ретінде де пайдаланылады. Яғни, ол монолог немесе диалогтік формада болатын, жіберілген сөздердің рөлін ойнайтын шын әсерлі сөйлемдермен құрастырылған дыбысталған мәтін болуы керек (аудирование). Мәтінді тыңдауда бақылау жүргізу үшін жабық-тест дайындауда оқушыға таныс деген лексикалық материал мен қарапайым синтаксистік құрылымдармен бейнеленген мәтінді алу қажет. Шапшаң есте сақтау қабілеттің қиын екенін ескере отырып, мәтіндегі әрбір сөйлемнің көлемі 13-15 сөзден аспауына көңіл бөлген жөн. Егер клоуз-тесттің негізі диалог болса, онда оған қатысушылар саны екі адамнан аспауы керек, немесе тыңдау үрдісінде оқушы шатастырып алуы мүмкін. Мәтіннің фонограммасын дайындауда бірінші сөйлеу хабарламасының жазбасы таспадағы сөздердің арасын үзіп айтады. Екінші жазбада жіберілетін, жасырылатын сөздердің орнына 5 секунд шамасында кішігірім кідіріс жасайды. Осы кезде оқушылар өз жауаптарын жазып үлгерулері керек болады. Және де осы екінші рет жазбада жіберілетін сөздерді жазудың алдын алу мақсатымен ерекше бір дыбыстық сигнал жазылуы керек (тоқылдату, шерту және т.б.). Бұған мысал ретінде А.П.Старковтың ағылшын тілі бір мәтін үзіндісін алуға болады: «An Address Without a Letter» мәтінінде: Before 1840 there were no stamps. In those days people usually (1) much money for a letter when they received it. That is why (2) who were poor did not write letters often. When they sent or (3) a letter, it was

a very important thing for them. Many people (4) if someone received a letter. There is a story from that time about a (5) to a poor woman. One day the postman came to her house to (6) her a letter. He told the woman to pay a lot of (7), which she did not have. The woman looked at the letter, and (8) it back to the postman. "I cannot pay for it," she (9). Just at that moment a man heard the conversation between the (10) and the woman. He came up to the woman and said, "I (11) to help you. Let me pay for your letter. I (12) money," The man gave the postman the money he wanted to (13) from the woman. "I thank you very much," said the woman, "but you must not (14) for the letter. It is from my brother. He (15) me one letter every three months. He does not (16) about himself and his family. He writes only my (17) on the letter. Then I know that he is (18). And as I cannot pay for the letter, I give it (19) to the postman." (Ключ: 1 — paid; 2 — people; 3 — received; 4 — knew; 5 — letter; 6 — bring/give; 7 — money; 8 — gave; 9 — said; 10 — postman; 11 — want; 12 — have; 13 — get; 14 — pay; 15 — sends; 16 — write; 17 — address; 18 — well; 19 — back.)

(Close)жабық-тестті оқушылар белгілі бір оқу жылында өтілген сабақтар бойынша қандай лексикалық материалды меңгергенін өз уақытында тексеру мақсатында да кеңінен қолданылады. Жабық-тестке мәтін таңдау өте қиын мәселе. Өйткені, мәтінді тыңдау кезінде оқушының барлығы бірдей шетел тілін оқу үрдісіндегі сөздердің байланысу тәсілін, сөздердің жіктелуін терең меңгере бермейді: сол толықтыратын сөздерінің сәйкес келмей қалмауы үшін кейбір сөздерді жасырған кезде де мәтін өз мағынасын жоғалтпауы керек. Өйтпесе, тексерілетін сөз немесе сөз тіркесі сөйлемнің кей жерінде түсіп қалып, айтылатын ойдың грамматикалық ережелерімен сәйкес келмеуіне жол береді. жабық-тест оқытушының аралық бақылауды тиімді ұйымдастыруына көп әсерін тигізеді [3, 150-155].

Лексиканың қалыптасуы шетел тілін оқытуда ең басты міндеттердің бірі. Бұл көзқарас Э.А.Штейнфельдтің: мағыналы, жалпы мәтінді түсінуге пайдалы синонимдес сөздердің көп нұсқасымен бейнеленген, айрықша мәнді әр түрлі сөздер жинағы бар, 40,7% зат есімнен құралған жиілік сөздігінде дәлелденген [4, 65].

Жоғарыда көрсетілген барлық (Close)жабық-тесттерді мынадай шарттармен бағалайды. Оқушы әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл алады, ал бұрыс жауап үшін – 0 балл. Егер сыналушы өз жауабы ретінде дұрыс емес, бірақ соған ұқсас, мағыналас сөзді таңдап қойса, онда оқу мен тыңдау дағдыларын тексеруде ол 1 балл алады, ал ағымдағы бақылауда – 0,5 балл алады, әйткенмен де, бұл баға ағымдық бақылауда тілдік тапқырлығы дамуының жоғарылағанын білдіреді. Ал, тесттің орындалу сапасын бағалауда жалпы баллды оқушы өз жауаптарымен жинаған баллмен салыстырады.

Қорытынды:

Қорытындылай келгенде, шетел тілін оқытуда әрбір бекітілген жаңа материалдарды бекітуге, тексеруге, қорытындылауға тест түрлерін қолданудың өте ыңғайлы, тиімді екендігі анық. Сонымен, тесттік тапсырмаларды жоғарыдағы атаған талаптарға және формаларға сай

дайындайтын болсақ, онда шетел тілін оқытуда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту және жүйелеудің тиімді құралына айналдыруға болатындығына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Гаевская Е.Х. Перевод терминов и терминологических оборотов. Сб. «Вопросы методики преподавания иностранных языков». М., 2008.
- 2 Гималетдинова Г.К., Халитова Л.К. Английский язык. Аудирование: Учебное пособие к комплексу «English File» (Oxford). - Казань: Казанский гос. ун-т, 2007. - 27 с.
- 3 Гуд В. Сборник статей для переводов с русского языка на английский, с приложением и словарем. Москва, 2007.
- 4 Зверева Е.А. Типы эмфатической конструкции, встречающиеся в современной научной и общественно-политической литературе на английском языке. Сб. «Вопросы методики преподавания иностранных языков». Москва, 2008.
- 5 Зверева Е.А., Лихачева И.К. Щукарева Н.С. Сборник упражнений по неличным формам английского глагола для групп устной практики. Москва - Ленинград, 2007.
- 6 Биболетова, М.З. Программа курса английского языка к УМК Английский с удовольствием/ «Enjoy English» для 2-11 кл. общеобраз. учрежд. /М.З.Биболетова, Н.Н.Трубанева.– Обнинск: Титул, 2010. – 56с.
- 7 Конышева, А.В. Контроль результатов обучения иностранному языку/А.В. Конышева. – СПб: КАРО, Мн.: Издательство «Четыре четверти», 2004. – 144 с.: ил. – (Материалы для специалиста образовательного учреждения).

Резюме

В данной статье рассматривается, эффективность использования различных видов тестов в обучении иностранных языков. А также, закрепление знаний обучающихся, в процессе выполнения тестовых заданий.

Summary

The advantages of using different types of tests in foreign language teaching. Also, to show that the test accomplishment is the effective way in the process of language learning was described the article.

ОӘЖ 378.02:37.016. 14.35. 09

Исмаилова О. А. – аға оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛДІҢ МАҢЫЗЫ

***Аңдатпа:** Мақалада интерактивтік тәсілді қолдана отырып шетел тілін оқыту процесінде мұғалімнің әрекеті талаптарға сай ұсынылған. Бүгінгі таңда еліміз алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең болып, келешегімізді жарқын, ашық етер жас ізбасарларды тәрбиелеуде Қазақстан Республикасының білім жүйесінің даму концепциясы 2015 жылға дейін жоспарланған, қазіргі білімнің ұлттық алғышартын*

анықтайтын құжат осыған сәйкес, бүгінде Қазақстан әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Мәдениеті жоғары ХХІ- ғасыр адамын қалыптастыру міндеті мен оған білім беру ісін ірілендіру қажеттігі мектеп пен қоғам алдында жаңа маңызды мәселелер қойып отыр. Өзге мемлекеттермен ғылыми және экономикалық байланыстарда кеңінен жол ашылып отырған шақта шетел тілін жетік білетін түрлі кәсіптің мамандары біздің жас елімізге өте қажет. Жалпы білім беретін мектептерде шетел тілдері пәндерінің мазмұны анықталып, оған қойылатын талаптар нақтылануда.

Тірек сөздер: интерактивтік тәсіл, оқыту процесі, коммуникация, интерактивтік оқыту, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.

Шетел тілін ана тілімен қатар оқыту, оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, сонымен бірге баланы өзін қоршаған ортамен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне үйретеді. Оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру мектепте берілетін бүкіл білім мазмұнының негізгі мақсаты болп табылады, яғни мұғаліммен, оқулықпен және басқа оқушылармен қарм-қатынас барысында оқушының дүниетанымы кеңейеді.

Шетел тілін сапалы да берік меңгеру үшін әрүрлі әдіс-тәсілдер, амалдар қолданылуда. Сол тәсілдердің бірі– интерактивтік тәсіл методикада өзекті болып отыр.

“ Интеракция “ сөзінің мағынасын кеңінен ашсақ, бұл сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей өз кезегінде « екі жақты біріккен әрекет » болып табылады [1]. Интеракция оқыту процесінде оқушыларды бірігіп бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетте өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды жұп болып, топ болып бірігіп жұмыс жасауға, үйрене отырып, өзгелерге көмек көрсетуге мүмкіндік жасайды. Әрине, бұл тәсілді қолдана жоспарланған сабақ, күнделікті « сұрақ-жауап » сабақ түрлерінен өзгеше болады да, оқушылардың мотивациясын арттыруға септігін тигізеді. Жеке-дара істеген оқушыға карағанда, топта немесе жұпта жұмыс істейтін оқушы әлдеқайда жан-жақты, кез-келген нәрсеге бейімді болып келеді. Интерактивтік тәсіл әр оқушының өзіне ғана тән эмоционалдық сферасын ұлғайтуға дәнекер, себепкер болады, оқыту процесін ұйымдастырудың әр түрлі формаларына қол жеткізеді. Біз интеракцияны біріккен әрекетті ұйымдастыру формасы ретінде қарастырамыз, өйткені бұл ұғымның мағынасы көп жағдайда коммуникация сипаттамасына жақын келеді.

Психологтар шетел тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолданудың төмендегідей психологиялық негіздерін атап көрсетеді [2]:

- оқушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, оның қызығушылығын, шетел тілін өз қажеттілігі үшін практикалық тұрғыдан қолдануға деген ынтасын оятып, тілді оқып үйрену ниетін арттырады. Осының негізінде интеракция оқушылардың оқытылып отырған пәнді меңгеруін көздеп, оған жағдай жасайтын мүмкіндіктерді қалыптастырады.

- Оқушылардың жеке тұлғасына тікелей әсер етеді, яғни оқыту процесінде оның эмоциясын, сезімін, түйсігін шынайы қажеттілігімен сәйкестендіріп, оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.

- Оқушыларды оқыту процесінде бір-бірімен белсенді түрде бірігіп әрекет етуге ұйымдастырады.

- Сыныпта жасалатын жұмысты түрлі формада өткізуді қамтамасыз етеді: жұптық, топтық, ұжымдық. Бұл аталған формалар оқушылардың белсенділігіне, өзбеттілігіне, шығармашылығына, жағмды қасиеттердің дамуна толық түрде түрткі болады.

- Интерактивтік тәсілдің осындай психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқушыларды арнайы жұмыс формаларын, лайықты тапсырмаларды, түрлі бағдарлы жұмыстарды, жаттығарды қолдануға үйрету өте маңызды. Интерактивтік тәсілді қолдана отырып құрастырылған тапсырмалар мен жаттығуларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Интерактивтік тәсіл оқушылардың өзбетінше ойлау қабілетін белсенді түрде дамытуға бағытталады, яғни оқушылар ақпаратты есте сақтап қана қоймай, оны практикада қолдануға үйретеді.

Мұғалім сабақтағы интеракция түріне ұйымдастырушы қызметін атқаруы тиіс. Оның әрекеті төмендегідей төрт саты бойынша қарастырылуы керек [3].

1. Мақсат қою;
2. Жұмысты жоспарлау;
3. Жеке әрекеттерді бөліп беру;
4. Оқушылардың интеракциядағы әрекетін бағалау.

Мақсат белсенділіктің мотиві, стимулы болып табылады, ал мұғалімнің мақсаты-біріккен әрекетті, оқушы мен оқушы арасындағы интеракцияны қалыптастыру, оған қатысушылардың белсенділігін арттыру. Шетел тілі сабағындағы интеракцияның мақсаты-тілді сабақтан тыс уақытта да коммуникативтік мақсатта қолдануға үйрету. Бұл әрине шетел тілін оқыту процесіне тән сипат.

Н.В. Гавриловтың пікірінше интерактивті тәсіл төмендегідей пайдалы болады:

1. Шетел тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқыту процесіне сай болуы керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеледі.

2. Жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшелігіне сай болуы керек.

3. Тапсырылған жұмыстарды атқару барысында оқушылар жіберген қателерін мұғалім көмегімен өздері табуға дағдылануы керек.

4. Жауап беруде оқушыларға жеткілікті уақыт берілуі тиіс. Оқушы жауапты кешіктірген жағдайда мұғалім келесі оқушыдан сұрауға немесе өзі жауап беруге асықпауы керек.

5. Жарысып, бәсекеге түсіп оқу орнына бірлесіп оқу керек. Оқушыларға жұп/ топ болып бірігіп жұмыс істеуге тапсырмалар беру керек [4].

Бұл айтылғандардан көретініміз, мұғалім тұлғасының мотивацияны жоғарлыта алатын рөлінің басым болуы. Мұғалім оқыту процесінде оқушылардың әріптесі болуы керек, оқудағы көмекші, жетекші рөлін атқара отырып, оның шетел тілін үйренуге деген ниетін арттыруы тиіс.

Біз оқу процесінде заманға сай өзгерістер болатынына көзіміз жетіп отыр. Ескі әдіс-тәсілдердің орнына неғұрлым тиімді жаңа әдіс-тәсілдер келіп отырады. Естеріңізге сала кетейік, интерактивтік тәсіл жаңа технологиялар қатарына жатады. Бұл дегеніміз тағы да осы әдістің тиімділігін көрсетіп отыр. Сондықтан да біз интерактивтік тәсілді жеке-дара зерттеуге лайықты деп санадық.

Әлемдік дидактика бүгінгі күнге дейін интерактивті формадағы көптеген жаттығулар жүйесін жинақтады. Коммуникацияда интерактивтік іскерлік пен дағдының болуы шарт. Ал іскерлік пен дағды әдістемелік әдебиеттерде көрсетілгендей жаттығуларды орындау барысында қалыптасады. Яғни, оқушыларда коммуникативтік интеракцияның іскерлігі мен дағдысының қалыптасуы үшін сабақта соған сай жағдай жасалуы керек [5].

Алдымен мұғалімнің өзі жаттығуларды жүйелеп, саралап алуы керек, өйткені, жақсы алдын ала ұйымдастырылған жаттығу – сабақ нәтижесінің жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Барлық оқушылардың пәнді оқуда жақсы көрсеткіштер көрсетуі, яғни оқушылардың жаппай жұмыс істеу формасы қазіргі кезде ғылымның әр саласында ең негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Ғалымдардың, әдіскерлердің, мұғалімдердің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлуі бекер емес. Өкінішке орай, түрлі себептерге байланысты бірлесіп әрекет ету әлі де болса айтарлықтай жетістіктерге жетпей келеді. Мұғалім көбінесе сыныпта сөйлеуші рөлін өз мойнына алады да, оқушылар тек тыңдаушы мен бақылаушы ретінде қалады. Мұғалім көбінесе сыныпта сөйлеуші рөлін өз мойнына алады да, оқушылар тек тыңдаушы мен бақылаушы ретінде қалады. Мұндай жағдай осылайша жылдан жылға өзгеріссіз қала беретін болса, онда бұл оқушының белгілі бір стереотипке айналуына әкеліп соғады да, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына кедергі болады. Демек, оқу-тәрбие қателігінің бірі осы болып табылады. Ал оны дер кезінде түзетіп алу үшін интерактивтік тәсілді қолдана отырып, жұптық және топтық жаттығуларды орындау қажет. Осы жаттығуларды орындау барысында оқушы субъект болып қалыптасады. Ол өзінің білімін, іскерлігі мен дағдысын дамытады. Сабақта оқушының белсенділігін арттырудың ең тиімді

жолы – жұппен жұмыс жасау. Жұмыстың бұл формасы тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін зор мүмкіншіліктер береді және барлық оқушылардың қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді. Жұппен жұмыс істеу арқасында осы уақытын үнемдеуге бірден-бір мүмкіндік туады. Жұппен жұмыс оқушылардың бастамалық қабілетін көрсетуге және келесі бір адаммен коммуникацияға түсе білуге, бір-біріне көмектесуге ықпал жасайды. Ал топтық және ұжымдық жұмыс барысында оқушылардың білім деңгейі, қабілеті, сөйлеу іскерліктері мен дағдыларының қаншалықты қалыптасқандығы ескеріледі.

Белгілі бдір әрекетті орындауда интерактивтік тәсілді қолдану коммуникацияны іске асыруға бағытталады. Мұнда оқушылардың өз бетінші әрекет етуі де іске асады. Бұдан шығатын тұжырым, интерактивті тәсілді қолдану- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін жоққа шығармайды деген сөз [6]. Интерактивтік тәсіл, сонымен, әрбір оқушыға жеке бағытталған тәсіл. Бұл тәсіл жаттығулар, тапсырмалар негізінде оқушылардың ойлау қабілетін арттыра отырып оқушылардан да төмендегілерді талап етеді:

- Озінің тілдік мінез-құлығын басқара алуын;
- Естігенге көзқарасын білдіруін;
- Біріккен әрекетке түсе отырып өзінің коммуникативтік іскерлігін өз бетінше орындай алуын;
- Тілдік жаттығуларды орындай алуы мен тіреніштерді қолдана алуын.

Ал енді осы жоғарыда аталып өткен талаптарды ескере отырып, интерактивтік тәсілді топтық жұмыста қолдану мәселесіне тоқталайық. Бұл жерде әрине оқушылардың білімін, үлгерімін ескере отырып біртопқа түрлі оқушыларды жинау ұсынылады. Мұнда сонымен қатар маңызды болып табылатын мәселе ол психологиялық тұрғыдан оқушылардың бір-біріне сай келуі, оларда бір-бірімен жұмыс істеуге деген ниеттің болуы. Жұмыстың алғашқы сатысы бірлескен жұмысты ұйымдастыру, әр оқушының өз міндетінжүктеу, ол міндеттерді өзара өзара талқылау және қажетті нәтижені талқылау. Екінші саты әр оқушының жеке өзбетінше жұмыс істеу сатысы болып табылады. Оқушылардың міндеттері бір-біріне ұқсамауы мүмкін. Мысалы, бір оқушы мәтіннің мазмұнын айтатын болса, екіншілері мәтін негізінде диалог құрастырулары мүмкін. Келесі сатыда барлық оқушылардың атқарған жұмыстары талқыланады (мұғаліммен бірлесе отырып). Соңғы сатыда әр топ өздерінің дайындаған жұмыстарын қалған сынып оқушыларының алдында көрсетеді. Әрине бұл жерде тілдік міндеттің сәтті орындалуына, онда қателердің жіберілуі немесе мүлде болмауына және тапсырмаға қойылатын талаптардың орындалу орындалмауына үлкен мән беріледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл тәсілдің негізгі мақсаты-түрлі оқу жағдаяттарында оқушыларға жағдай жасау. Оқушылар әртүрлі болады, олардың бірі мұғалімнің айтқанын жылдам ұғып алады, тілдік материалды, коммуникативтік іскерлік пен дағдыларды жеңіп менгерсе, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдарқажет болады.

Мұндай оқушылар әрине сынып алдында сөйлеуге қысылады, ол нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдайда оқушыларды топқа немесе жұпқа біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір оқуға жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр оқушының өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесіне қол жеткізуіне ұмтылатын жағдаят пайда болады. Сондықтан да білімі төмен оқушылар үлгерімі жоғары оқушылардан өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы оқушы топтың жеңуін ойлап, барлық оқушыларының, әсіресе білімі төмен оқушылардың нәтижелі жұмыс істеуін көздейді. Осылайша оқушылар бірігіп қиындықтың алдын алады. Интерактивтік тәсілді пайдалана отырып атқаратын жұмыстың жалпы сипаттамасын осылай түсінуге болады.

Интерактивтік тәсілді пайдалан отырып оқытудың әртүрлі вариантын айтуға болады. Мұғалім іс-тәжірибесінде бұл варианттарды өз шығармашылығына орай әртүрлі етіп өзгерте алады, алайда ол оқу принциптерін өзгертпеуі тиіс. Олардың кейбіріне тоқтала кетейік. Мұғалім оқушыларды жұпқа бөлу немесе топтастыру кезінде ол әржұп/топтағы оқушылардың үлгеріміне көңіл аударуы керек. Яғни бір жұпта немесе топта үлгерімі жақсы, орташа және төмен оқушылар аралас болуы керек.

Жұпқа немесе топқа ортақ тапсырмалар беріледі. Рөлдерді таңдауды оқушылардың өз еншісіне қалдыру маңызды. Осылайша олар өздерін мұғаліммен бір деңгейде сезіне алады. Бұл арада оқушыларға өз жұмыстарын өздері бағалауды беру де маңызды болып табылады. Енді интерактивтік тәсілдің варианттарына келесек.

1. ЖҰПТА ОҚЫТУ

Бұл жерде жұптық жұмыстың келесі түрлерін ажыратуға болады [7]:

а) Ортақ тапсырмаға ие болатын жұп. Бұл жұмыс атқарылуы жағынан жеңіл болады. Жұптағы екі оқушыға бірдей тапсырма беріледі. Алайда бұл оқушылардың жауапкершілігін, өзбеттілігін шектеу мүмкін.

ә) Жеке тапсырмаға ие болатын жұп. Тапсырманы орындау барысында үлгерімі орташа оқушыға мұғалім жағынан көмек көрсетіледі. Мәселен, диалог құру тапсырмасы беріледі. Мұғалім үлгерімі төмен оқушыға қажетті таяныш сөздерді беруіне болады. Оқушылар өздеріне берілген уақытты пайдаланып тапсырманы орындауға көшеді. Мысалы, демалыс деген тақыпықа байланысты оқушыларға жұптасып диалогтар құрастыру тапсырылады. Онда түрлі тақырыпшалар болуы ықтимал: көкке шығу, достармен қыдыру, киноға бару т.б. Әр оқушы өзіне тиісті тақырыпқа байланысты диалогтық тіреніштер құрастырады. Содан кейін ол әріптестерімен бірігіп диалог құрастырады.

2. ТОПТА ОҚЫТУ

Ортақ мақсат көзделеді. Әр оқушы өз тобы үшін тапсырманы мүлтіксіз орындауы керек.

- Топ жұмыс нәтижесінде ортақ баға алады
- әр оқушының жауапкершілігі артады

- нәтижеге жетудің барлығына бірдей ортақ болуы әрбір оқушының жұмысты орындауының маңызды екендігін көрсетеді.

Дәстүрлі сабаққа қарағанда интерактивті тәсілді қолданылған [8] сабақ әлдеқайда тиімдірек етеді. Оны төмендегідей байқауға болады:

- а) барлық оқушыларды сабаққа қызықтыру мен белсенді араластыру
- ә) тұйық, ұялшақ оқушыларға мәселені талқылауда тең мүмкіншілік беру

б) оқушыларды жауапкершілік, өзбеттілік сияқты жақсы қасиеттер дарыту.

Интерактивтік тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолданылу нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып-үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Бұл кезде сөйлеуге деген іштей мотив қалыптасады, оқушылардың бойында бірнәрсе айтуға деген коммуникативтік ниет туындайды.

Интерактивтік тәсілді қолдана отырып шетел тілін оқыту процесінде мұғалімнің әрекеті төменде ұсынылған талаптарға сай болса [9], сабақтың нәтижесі, оқушылардың жетістіктері өте жақсы көрсеткіштерге жетеді деген сенімдеміз.

- Оқушылардың жас және ерекшеліктерін, қабілетін ескеру;
- Оқыту процесінде басты назарды оқушыларға аудару;
- Жасалатын жұмыс жоспарын оқушылармен пікірлесе отырып шешу, яғни оқушылардың ұсыныстары мен мүдделерін ескеру;
- Оқушыларға өз жұптасын таңдауға мүмкіндік беру;
- оқыту процесінде оқушылардың шығармашылық белсенділігін пайдалану;
- Интерактивтік тәсілді қолдануға арналған жаттығуларға талдау жасау;
- Оқушы жауабын тыңдаудағы шыдамдылықтың болуы, яғни мұғалімнің бала орнына өзін қоюы;
- Оқушыларды спонтанды сөйлеуге үйрету;
- Мұғалім оқушылардың кеңесшісі бола отырып оқушыларды бірігіп жұмыс істеуге жұмылдыру.

Біз интерактивті тәсілді жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеу барысында да қолдандық. Мұндағы біздің мақсатымыз оқушылардың сөйлеу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру 11-сынып оқушыларымен «Die internationalen Beziehungen Kasachstans» тақырыбымен жұмыс істегенімізде, біз интерактивті конференция сабағын ұйымдастырып өткіздік.

Қорыта айтар болсақ, интерактивті тәсіл келесі ерекшеліктерімен маңызды болып табылады:

- Ол оқыту процесінде барлық оқушылардың белсенділігін арттырады;
- Ол жалпы оқу процесін әртүрлі формада өткізуге мүмкіндік береді;
- Мұғалім бірден барлық оқушыларды бір уақытта бақылай алады;
- Оқушыларды топпен жұмыс жасауға үйретеді;

- Әрбір оқушының жауапкершілігін арттырады;
- Оқушылардың коммуникативтік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады;
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады; оқушыларда шетел тілін оқуға деген ниет тудырады.

Интерактивтік тәсілді қолданған кезде сабақтың нәтижесі өте жақсы көрсеткіштер көрсетеді. Өйткені ол шетел тілі сабағындағы басты субъект болып табылатын оқушының жеке тұлғасына толық түрде түрткі болып [10], оның эмоциясын, сезімін, түйсігін шынайы қажеттілігімен сәйкестендіріп, оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.

Интерактивтік тәсіл сонымен қатар коммуникацияға жақсы стимул береді. Мұғалім жеке оқушыларға көп көңіл бөле алады, өйткені оқушылардың барлығы белгілі бір іспен айналысады. Бірігіп оқуға, бірігіп әрекет етуге тән ерекшеліктер мақсат пен міндеттің ортақ болуы, ол жердегі жеке бас жауапкершілігінің болуы және нәтижеге жетудің бәріне бірдей мүмкін болуы мұғалімге әрбір оқушының әрекетінен хабардар болуға, әрқайсысына көңіл бөлуге және қажет болған жағдайда көмек көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Интерактивтік оқытуды жете зерттеуге негіз болған интеракционизмнің ҰДж.Мид, Дж.Булмер; А.ШюцҚ, диалогтық персонализм мен диалогиканың (М.Бубер, М.Бахтин, А.Ухтомский, Г.Бул) идеялары еді.

С.Г.Тер-Минасов байқауынша, интерактивті оқыту шетел тілдерін үйренуде үлкен рөл атқарады. Шетел тілінің әр сабағы-бұл әртүрлі мәдениеттердің қиылысы. Әр оқушының коммуникативтік каналдарын ашу – интерактивтік оқытудың басты мақсаты.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Т.Н. Марамзина. Личностно-ориентированное обучение (интерактив)/ Иностранные языки в школе. – 2004, № 21-22, 8 с.
- 2 Артықбаева А.Қ. Лекциялар жинағы, 2004
- 3 С.Әбдіғалиев.Неміс тілін оқытудың негіздері. – А.: Қазақ Университеті, 2002.
- 4 Я.Яноушек. Социально-психологические проблемы диалога в процессе сотрудничества между людьми//Психолингвистика за рубежом.- М.: Наука, 1972.
- 5 Н.Д.Гальскова. Современная методика обучения иностранному языку. М.: Арктик Голоса, 2000.-165с.
- 6 А.А. Бодалаев. Личность и общение. – М.: Педагогика, 1993.
- 7 Г.В.Колшанский. Лингвокоммуникативные аспекты речевого общения//Иностранные языки в школе. – 1985, № 3, 10 с.
- 8 Г.Ж.Нұрбекова. Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің жоғары сынып оқушыларын диалог сөзге үйретуде интерактивті тәсілді қолдану әдістемесі: Дисс.канд.пед.наук, 2002.
- 9 А.А.Фалиева. Формирование готовности будущего учителя к личностно-ориентированному обучению. Диссертация-Атырау, 2004.
- 10 Б.Ф.Ломов. Общение как проблема общей психологии//Методологические проблемы социальной психологии. – М.:Наука, 1975.

Резюме

В данной статье рассматриваются пути осуществления интерактивной технологий формирующегося устойчивую мотивацию к учению, которая позволяет развить потенциальные возможности всех участников процесса.

Resume

In this article considered the ways of realization the interactive methods of teaching which give the foreign language teacher the possibility to master some new techniques of communicative methods of foreign language training.

ОӘЖ 377.5.02:37.016. 14.33. 09

Молдахметова О.М., Жұмағалиқызы Б.- аға оқытушылар

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық, Қазақстан

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Андатпа: Автор мақаласында бүгінгі Қазақстан мектептерінде жаңа ғасырдың білім кеңістігіндегі жаңашылдық жағдайға сәйкес өзгерістер легі жайына тоқталады. Абыройлы мәрелік мәртебеге тез әрі баянды түрде жету үшін халқымыздың этнопедагогикалық және этномәдениеттік мол мұрасын жалпы білім беретін мектептерде жаратылыстану пәндерін оқытуда ең тиімді жолын пайдалана білу басты талаптардың бірі болып табылады.

Мақалада биологияны оқытуда қазақ этнопедагогикасы элементтерін ұтымды пайдалану, биология пәнін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту, химия пәнін оқытуда халық педагогикасының элементтерін пайдалану, қазақ этнопедагогикасы арқылы оқушылар дүниетанымын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Жаратылыстану пәндері қазіргі замандық оқыту жүйесінің іргелі пәндері болуымен қатар, мектептегі өтілетін сағатқа шақталған жүктемесі бойынша ең көлемді әрі ұзақ өтілетін пәндер қатарына жатады. Бәсекеге қабілеттілікке негізделген, тіршіліктегі әрекеттердің құбылмалы нысандарына, өмір сүру тәсілдеріне бейімделген, өзін-өзі еркіндікте танытын тұлға ұлттық құндылықтар жүйесінің тірегі болып табылады. Қазіргі уақытта жаратылыстану пәндері мұғалімінің мақсаты оқушыларға жаратылыстану ғылымының негіздерін жалаң оқыту емес, олардың өмірге өзіндік көзқарасын тәрбиелеу, қоршаған ортадағы әр түрлі қоғамдық ой-пікірлермен, жазушы шығармаларымен, халықтық этноматериалдармен жаратылыстану ғылымын оқушы санасында байланыстыра білу болып табылады.

Бұл мақсаттың нәтижелі жүзеге асуы үшін жаратылыстану пәндерін оқытуда, соның ішінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ғасырлар сынынан өткен тәлім-тәрбиелік және танымдық мүмкіндіктері мол қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдалану қажет. Осы жайында да автор толық мағлұматтарды тиянақты түрде арнайы дәйектемелер арқылы көрсете білген.

Тірек сөздер: әдіс, бағыт, таным, зерттеу, ауызша, көрнекілік, практикалық, ізденушілік, мультимедиа.

Аннотация: Автор в статье рассматривает предмет биологии как учебную дисциплину органически связанную с жизнью сельского жителя, его природным

окружением. Потенциально это обеспечивает высокий уровень мотивации изучения биологии сельским и школьниками, которые ощущают, что, с одной стороны, он не может не понимать и чувствовать природу родного края, беречь ее чистоту, владеть способами взаимодействия с ней, с другой стороны, должен знать основные направления сельскохозяйственного производства, наиболее продуктивные сорта культурных растений, породы домашних животных и уметь их выращивать.

Поиск направлений исследования связан также с разработкой конкретных технологий, эффективно работающих в условиях сельской малокомплектной школы.

Целью исследования является совершенствование содержания и методов обучения биологии применительно к условиям работы современной сельской малокомплектной школы.

Объект исследования - процесс обучения биологии в школе. Предмет исследования - методические аспекты обучения биологии в современной сельской малокомплектной школе.

Исходя из цели исследования, была выдвинута рабочая гипотеза: качество обучения биологии в условиях современной сельской малокомплектной школы можно повысить, если перестроить обучение, включив в него элементы модульной технологии; - дополнить курс биологии основной школы общебиологическими модулями, вносящими теоретические обобщения; сельскохозяйственными модулями, обеспечивающими практическую направленность курса; общеучебными модулями, формирующими умения самостоятельной учебной работы по биологии; повторительными модулями, призванными выровнять подготовку по биологии вновь прибывших учащихся; - разработать методику изучения данных модулей.

На основании гипотезы были определены основные задачи исследования: - изучить особенности организации учебного процесса по биологии в современной малокомплектной сельской школе; - выявить возможности использования модульной технологии для совершенствования обучения биологии в условиях малых классов; - произвести типологию модулей, необходимых для устранения выявленных недостатков в обучении биологии; разработать методику построения модулей отдельных типов и определить методические условия их изучения; - произвести опытно-экспериментальную проверку эффективности технологии модульного обучения в условиях малокомплектной школы.

Ключевые слова: Метод, направление, познавательный, исследование, устно, наглядность, практический, поисковый, группа, мультимедиа.

Abstract

The author of the article also deals with the ways and methods of teaching science disciplines in small village schools considering mental and age peculiarities of school children, knowledge and abilities of teachers in stimulating pupils' creative initiative and progress in studies. The article is illustrated with ethno-pedagogical materials preserved and having value of Kazakh people's culture.

These are the factors of upbringing children on the buses of national pedagogy and its development according to the newly forming innovative schools. Tearing of science disciplines develop pupils' world outlook, their interest in science and engineering, their understanding of human being and nature, interrelation with environment. The author stresses out that science disciplines are the most important among subjects of school program, they have a long period of study because they are the ancient disciplines having been studied od studing science at small schools are of great importance for the knowledge of science develops pupils intellect, skills and habits for assimilating program materials.

Teachers of small schools must teach and train pupils on the basis and principles on national pedagogy which has a long and valuable history and its examples are full illustrated in this article.

Key words: *direction, method, cognitive, research, orally, visual, aids, practical, search, group, multimedia.*

Әр бала – мақсат, әр бала - құрал. Педагогика тарихында алуан түрлі оқыту нысандары болды. Олардың пайда болуы, дамуы, кейбіреулерінің жойылуы қоғамның талабына байланысты еді. Әр заман оқытуды ұйымдастыруға әсер етті. Нәтижесінде педагогика ғылыми тәжірибеден көптеген деректер жинады. Баланы оқытуды ұйымдастырудың алуан түрлі жұмыстары зерттеліп, олардың ішінен қазіргі заманға лайықтылары іріктелді [1, б. 5].

Шағын жинақталған мектептерде жаратылыстану пәндерін оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылады.

Әдіс (грек тілінен - бағыт, таным тәсілі, зерттеу) – нысанды игеруге бағытталған практикалық және теориялық әрекеттер жолы.

Биологияны оқыту әдістемесінде маңызды да күрделі проблемалардың бірі – оқыту әдістері. Биологияны оқыту әдістерінің дамуына биология ғылымының және практиканың, әдіснаманың даму бағыттары мен ой-пікірлері, биология әдістемесінің және дидактиканың жетістіктері әсер етеді. Жалпы ортақ белгілеріне қарап ғалымдар биологияны оқыту әдістерін мынадай топтарға біріктіреді: білімді алу көздеріне қарай, оқытуда мұғалімнің әрекетінің сипатына, оқушы әрекетінің сипатына қарай. Олардың ойынша, аталған белгілер оқытуда қолданылатын қандай да болсын әдістерді анықтауда басты жағдай болып есептеледі және осы белгілер мазмұнды беретін оқытудың бірлігін, оқудың және білім көзінің бірлігін көрсетеді.

Осы белгілердің негізінде оқыту әдістерінің үш тобы бөлінеді: ауызша (білім көзі біреу – сөз), көрнекілік (білім көзі екеу – сөз және көрнекілік) және практикалық (білім көзі үшеу – сөз, оқу нысаны және пәнді практикалық тексеру).

Ауызша әдістер тобына әңгіме, пікірлесу, түсіндіру, дәріс оқу жатады. Бұл жерде мұғалімнің әрекеті сөз жүзінде көрінеді, ал оқушылардың әрекеті – тыңдау, ұғыну және ауызша немесе жазбаша жауаптар беру.

Көрнекі әдістер тобына тәжірибелер мен көрнекі құралдар көрсету, заттар мен құбылыстарды табиғи түрінде немесе көрнекі, сурет түрінде (сурет, сызбанұсқа, нақпінші, нобай) көрсету жатады. Мұғалім сөзбенен оқылатын нысанды бақылау, қарауды ұйымдастырады, ал оқушы, бақылай отырып оны ұғынады, қорытындылар жасайды және осы жолмен білім игереді.

Көрнекі әдістер тобына тәжірибелер мен көрнекі құралдар көрсету, заттар мен құбылыстарды табиғи түрінде немесе көрнекі, сурет түрінде (сурет, сызбанұсқа, нақпінші, нобай) көрсету жатады. Мұғалім сөзбенен оқылатын нысанды бақылау, қарауды

ұйымдастырады, ал оқушы, бақылай отырып оны ұғынады, қорытындылар жасайды және осы жолмен білім игереді.

Практикалық әдістер тобына биологияда оқылатын нысанмен немесе оқулықпен орындалатын жұмыс түрлері жатады. Оларды сабақтардағы зертханалық жұмыстар кезінде немесе практикалық сабақтарда, танымжорықтарда, тірі табиғат мүйісінде, мектептің оқу-тәжірибе алаңында пайдаланады. Сабақтарда таратпа материалдармен немесе оқулықпен жұмыс жасай отырып оқушылар тікелей оқу нысандарымен қарым-қатынаста болып білім игереді (қарап көру, тексеру, өлшеу, бөлшектерге бөлу, санау). Сөз осы барлық әдістер тобында қатысады, бірақ ауызшада оның қызметі – ол білім көзі, көрнекілік пен практикалықта сөз – оқушылардың бақылауы мен практикалық жұмысты ұйымдастырушы.

Бұл мақалада әйелдер мен ерлер тілінің айырмашылығы айтылады, коммуникациялық тұрғыда гендерлік аспектіні зерттеудің маңыздылығы және гендерлік лингвистиканың интонациялық үлгілері қарастырылады.

Resume

This article discusses the differences between male and female speech, emphasized the importance of studying the gender aspect of communication, as well as covered intonation patterns of gender linguistics.

ӘОЖ 81'367 16.21.49

Садықова Р.К. -ф.ғ.к.,доцент
Мулькбаева Ш.Л.- аға оқытушысы

ФЕРДОУСИДІҢ «ШАҢНАМАСЫ» МЕН ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТУЫНДЫЛАРЫ АРСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР

Түйіндеме: Әр халықтың әдебиетінде ұшырасатын ұқсас сюжеттер мен мотивтердің қалыптасуының екі жолы айқын байқалады. Бірі – әдеби байланыстар болса, ал екіншісі – ешқандай әдеби-мәдени қатынастары жоқ елдер әдебиетіндегі мотивтік қайталаулардың кездесуі. Біріншісі, әдеби қатынастар арқылы енген сюжеттер мен мотивтердің болуы халықтар арасындағы жақындастық, бір түбірден тараушылық, болмаса тікелей өзара байланыстар мен алмасулардан болатыны рас. Дегенмен, еш байланысы жоқ, территориялық жағынан алыс жатқан, тарихи туыстығы болмаған елдердің әдебиетінде кездесетін ұқсастықтар адамды таң қалдырады.

Бұл мақалада Иран мен Тұран арасындағы байланыстардың кейде дауласу мен достасуға ұласқан екі ел арасындағы мәдени-әдеби қатынастары айтылады. Бұл екі елдің көршілік қатынастары тіл мен әдеби жақтардың кілтін ашып беруге көмектеседі. Соңғы кезде зерттеушілер белгісіз дүниелердің ашуға көп мүмкіндіктер алып отыр. Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнамасы» мен түркі тілдес халықтар туындыларының үндестіктері және Иран-Тұран арасындағы жаугершілік шайқастардың басты қаһармандары туралы мәліметтер береді. Әлем әдебиетіне үлесі бар, парсы әдебиетінің негізін қалаушы Әбілқасым Фирдауси «Шаһнамасы» түркі тілдес халықтарының шығармаларымен үндесетіні жайында мақалада беріледі.

Тірек сөздер: батырлар жыры, шайқас, композиция, ұқсастық, рухани кемелдену, сюжет, қарым-қатынас, ұлттық әдебиет, жаугершілік шайқас, зерттеулер.

Аннотация: В литературе каждого народа встречаются схожие мотивы и сюжеты, которые формируются двумя путями. Первая связь – литературная, а вторая – повторение мотивов, которая не имеет никакой литературной связи между народами. В первой литературной связи, сюжеты и мотивы схожи из-за близости однокоренных народов или же из-за обменов связями между ними. Однако, поражают всех нас схожесть мотивов литературных произведений стран, находящихся вдалеке друг от друга и которые не имеют никакого родственного отношения между собой.

В этой статье рассматриваются культурно-литературные связи между Ираном и Тураном, странами, отношения которых иногда перерастали в споры, а иногда в дружбу. Соседственные отношения между этими странами помогут нам найти ответы схожестей языка и литературы. В последнее время исследователи имеют неограниченные возможности в изучении неизвестных миров. В произведении «Шахнама» Абылкасыма Фирдауси, а также в произведениях тюркоязычных стран, даются сведения о битвах главных героев исторических эпосов. В статье изучается схожесть между произведениями основателя персидской литературы Абылкасыма Фирдауси, который имеет свое место в мировой литературе с произведениями тюркоязычных стран.

Ключевые слова: героический эпос, битва, композиция, схожесть, духовное совершенствование, сюжет, отношения, национальная литература, военные сражения, исследования.

Abstract: in every nation's literature there are two ways of formation of similar stories and motives. The first one is on the basis of literal relations; the second one is the presence of similar motives in different nations' literature that do not have any literal- cultural relations. The first, of course, can be because of the convergence between nations, the spread from one root, or with the straight relations and exchanges. However, the fact that different nations that do not have any relations or far from each other according to their territories, and that do not have any historical relations can have similarities in the literature can astonish people.

This article reviews the literal- cultural relations between Iran and Turan which sometimes had its friendship relations and arguments. The neighbor relations of these two countries can reveal their language and literature concepts. Recently the scientists have had an opportunity to discover the unknown notions. The coincidence of Hakim Abu 'l-Qasim Firdausi's "Shahnameh" and Turkic language nation's literature gives the information about the main characters in the battles between Iran and Turan. The article points that Hakim Abu 'l-Qasim Firdausi's "Shahnameh" have similarities with Turkic language nation's literature.

Key words: narrations about heroes, battle, composition, similarity, spiritual development, plot, relation, national literature, war, research.

Әрбір ұлт мәдениеті мен әдебиетінің өзіндік өсу, қалыптасу жолы және өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл орайда, әдебиеттегі ортақ дүниенің байланысы мен өзіндік ерекшеліктерін шығармадағы ортақ сюжет мәселесі айқындайды.

Ислам мәдениеті тұсында өркендеген араб, иран, Орта Азия елдерінің әдебиеттегі байланыстары қарқынды дамыды. Араб елдері, Тұран мен Иран мәдениеттері тамырластығы біздің Әл-Фараби бабадан бұрын да, кейін де жалғасқан [1, 24 б.].

А.Е. Ментебаеваның «Ш.Қ.Сәтбаеваның ғылыми мұрасы» атты зерттеу жұмыста қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы зерттелген. Қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы ауқымды дүние, келелі тақырып. Оны бір жұмыстың көлеміне сыйғызу әсте мүмкін емес. Сондықтан бұл

жұмыста зерттеушінің “Казахская литература и Восток” деп аталатын монографиялық еңбегінде талданған шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетін дәнекерлеуші – шығыстық сюжетке құрылған дастандар, және ондағы көркем мотивтер жүйесі зерттеу нысанына алынған. Сондай-ақ Құраннан, шығыстық ұлы туындылар – “Мың бір түн”, “Шах-нама”, “Панчатантра”, “Калила мен Димна” және т.б. шығармалардан бастау алатын “Бозжігіт”, “Сейфүлмәлік”, “Тахир-Зухра”, “Мұңлық-Зарлық”, “Иранғайып шах Ғаббас” және “Жүсіп-Зылиха” дастандары қарастырылады. Бұл шығармалардағы шығыстық мотивтердің көркемдік және композициялық мәні айқындалады.

Жалпы алғанда, түрлі халықтар әдебиетінде кездесетін ұқсас сюжеттер мен мотивтердің қалыптасуының екі жолы байқалады. Бірі – әдеби байланыстар негізінде, екіншісі – ешқандай әдеби, мәдени байланысы жоқ елдер әдебиетіндегі мотивтік қайталаулардың кездесуі. Алғашқысы, яғни әдеби байланыс арқылы енген сюжеттер мен мотивтердің болуы әрине, халықтар арасындағы туыстық, бір негізден тараушылық, болмаса тікелей өзара байланыстар мен алмасулардан туындағаны сөзсіз [2]. Ал еш байланысы жоқ, территориялық жағынан алыс жатқан, тарихи туыстығы жоқ елдердің әдебиетінде кездесетін ұқсастықтар, әрине, таңқаларлық жайт. Бұл жайлы орыс ғалымы В.Шкловский былай деген екен: “Слишком много, иногда слишком подробно говорили мы о бродячих сюжетах. Но оказалось, что сюжеты бродят не только по дорогам. Они переплывают моря и обитают на тех островах, куда еще не пришли корабли. Что же бродит и что повторяется и почему сюжеты оказываются там, куда не доехать, не доплыть, не долететь?” [3, с.156].

Тұран мен Иранның ерте заманнан келе жатқан көршілік байланыстары тіл мен әдебиет әлемін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде ғалымдарымыз белгісіз дүниелерді зерттеп, сырын ашып жатыр. Әлем әдебиетіне үлесі бар, парсы әдебиетінің негізін қалаушы Әбілқасым Фирдауси «Шаһнамасы» түркі тілдес халықтарының шығармаларымен үндеседі.

Осы орайда, Фирдаусидің «Шаһнамасы» даналық дариясында жүзіп жүрген алып кемені елестетеді. Бұл телегей теңіздей шалқыған «Шаһнама» иран шаһтарының тарихы, Тұран-Иран шайқастары ғана емес, бастан-аяқ батырлық, ізгілік, жақсылық ыәм махаббат дастандарынан тұрады. Әлем әдебиетінде мұндай ойлы, жұлдызды аспанға дейін жырына ғашық етіп жырлататын, фәни дүниенің даңғылын, кем-кетігін қамтыған, әрбір жолы атой салып алға шақырып, шабыт беретін шырқау поэмалар антологиясы сирек кездеседі [4,7 б.].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» туындысына тоқталайық. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» туындысы – түркі тілдес халықтары әдебиетінде тайға таңба қалдырғандай өшпес мұралардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, «Құтты білік», ғалым Х.Сүйінішалиев айтқандай: «Орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерді таңқалдырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің және олардың мәдениетінің жарық жұлдызы деп

атарлық әдеби мұра». Дастанда білім, ақылдың қасиеттері жақсылық және жамандық, адамгершілік қасиеттер, адам бойындағы ізгі асыл құндылықтар туралы мәселелер қарастырылады, мәселен, «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, конса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде сол білікті болады», «Білімсіздер бар кеселді көреді, емдемесе тектен – текке өледі», «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!»... «Ақылды кісіден кісілік келер, Білікті – кісілер кісісі болар» [5]. Өз кезеңінде Жүсіп Баласағұнның Фирдауси «Шаһнамасымен» таныс болуы заңды құбылыс және танылған әрбір құбылыс танымда із қалдырады десек, «Шаһнамадай» бірегей туындының Баласағұн шығармашылығына елеулі әсер еткені сөзсіз.

«Шаһнама» мен «Құтты білікке» ортақ падишалар өмірі мен мемлекет істері жайлы баяндаулар қос туындыдағы мазмұндық сабақтастықтың бір көрінісі болып табылады. Бірақ Баласағұнның дастан сюжетін құру, оқиға желісін өрбіту әдісі өзгеше. «Шаһнама» авторы аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер негізінде Иран өркениетінің көркем келбетін сомдаған. Ал Баласағұн дастаны жеке адамды, соның негізінде барлық адамды, тұтас мемлекетті кемелдікке жеткізудің жолдарын саралап көрсеткен даналық туындысы болып табылады [6].

Жүсіп Баласағұнның өз жұртының қаһарманы Алып ер Тұңға жайлы халық дастанымен таныс болғандығы күмәнсіз. «Шаһнамада» Алып ер Тұңға – Афрасиябқа оншақты тарау арналған. Иран-Тұран арасындағы жаугершілік шайқастардың бірқатарының басты қаһарманы болған Алып ер Тұңға бейнесінің тарихи тақырыптарды арқау еткен «Шаһнамада» кеңінен суреттелуі – заңды құбылыс. Алып ер Тұңға туралы «Шаһнамада» жырлануы, сонымен қатар өзара әсерлесу құбылысын да аңғартады. Фирдаусидің көне түркілердегі «Алып ер Тұңға» дастанын түпнұсқадан оқығаны, өз шығармасында дастан сюжеттерін кеңінен пайдаланғаны туралы біршама ғалымдар болжам айтуда [7].

Қазақ батырлар жырының сюжеттері «Шаһнамадағы» Рүстем батырдың басынан кешкендерімен үндестік тауып жатады. Рүстем батыр туралы аңыздар халық аузына тарап, боямаланып Фирдаусидің «Шаһнамасында» бір жүйеге еніп жылнамаға айналған.

Негізінен батыр тұлпарының жақсы жақтарының суреттелуі және қиын-қыстау кезде оған көмекші болуы батырлар жырында кездеседі. Осы орайда, батырлар жырындағы тұлпарлардың болуы және олардың жүйріктігінің бір-бірімен үндесіп жататындығына тоқталып өтейік:

«Ер Тарғын» жырында батырдың Тарлан атын:

Танауыңа болайын,

Тығынан алан шөмектей.

Омырауыңа болайын

Еділдің шыққан бұлақтай [8]

Фирдаусидің «Шаһнама» дастанында Рүстем батырдың мүшкіл кездерін оның жүйрік досы қасынан табылғанын және ол туралы былай айтылады:

Киімдерін жасырып тең ішіне,
Қаруларын жасырып жең ішіне,
Ер жорыққа аттанды сәтті күні,
Кең даланы оятты ат дүбірі [9, 24-25бб.] .

Сондай-ақ батырлар жырларында батырлық образдар ұқсастықтарына тоқталатын болсақ, «Шаһнамадағы» Рүстем және Алпамыс образын салыстыруға болады. Алпамыстың дүниеге келу ерекшелігі, оның алыптай болып ай-сайын өсуі Рүстемнің дүниеге келуі мен өсуіне ұқсас. Яғни, екі батыр да суға салса, батпайды, отқа салса, күймейді [10].

Жалпы қорытындылайтын болсақ, Фирдаусидің «Шаһнамасы» мен өз кезеңдерінде дүниеге келген түркі халық туындыларында кездесетін ортақ үндестіктер жеткілікті. Бұл байланыстардың жақындастығын зерттеу – белгісіз дүниелерді кілтін ашып береуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қыраубаева А. Шығыстық қисса- дастандар. А.,: Рауан 1999. 310 б.
- 2 Ментебаева А.Е. Ш.Қ.Сәтбаеваның ғылыми мұрасы//канд.диссер. авторефераты,2007.
- 3 Шкловский В. О теории прозы. – Москва: Советский писатель, 1983. – 383 с.
- 4 Күмібаев Ө. Даналық дариясы//Халықаралық ғылыми конференция материалдары. -Алматы. 2009.- 7 б.
- 5 Сүйінішалиев Х. Орта ғасырлардың әдебиет ескерткіші. Алматы, 55-б. VIII – XVIII ғ.Қазақ әдебиеті.Алматы, Мектеп – 1989. 93 – б.
- 6 Әбдірәсілқызы А. «Шаһнама» және «Құтты білік»: үндестіктер мен сабақтастықтар//Халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы. 7-8 қазан 2009.-213 б.
- 7 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары: Көркемдік дәстүр жалғастығы: Зерттеу.-Алматы: Ана тілі,1998.-256 б.
- 8 Батырлар жыры. I,II,III том.-Алматы,1963.-710 б.
- 9 Ниязова Ғ. Шығыс шайырлары.-Ақтөбе, 2003.
- 10 Батырхан Б. Қазақ эпостық жырлары мен «Шаһнама» дастанының үндестігі.//Халықаралық ғылыми конференция материалдары. -Алматы. 2009.- 140 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются культурно-литературные связи между Ираном и Тураном, в том числе сходство между произведениями тюркоязычных народов с «Шахнама» Фирдауси.

Resume

This article considers the cultural- literal relations between Iran and Turan, especially the relations between Firdausi's "Shahnameh" and Turkic language nations' works.

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS

ӘОЖ 378.016:812.111'2

Шалқарбек Ә. – оқытушы, магистр
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

ГАЗЕТ МӘТІНІНІҢ ЛИНГВО-КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫ

***Аңдатпа:** Газеттегі мәтіндерді лингвистикалық зерттеудің маңызы айрықша, өйткені радио мен теледидар, газет тәрізді бұқаралық коммуникация құралдарының қуатты дамуына қарамастан қазіргі қоғамнан өзінің орынын алуды жалғастыруда Газет мәтіні арқылы тіл үйренуші өзі үйреніп отырған тілді иемденуші ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, географиялық аумақтық ерекшелігімен бүтіндей алғанда жалпы тек сол ұлтқа тән ерекшеліктермен танысады. Шетел тілі газетінің мәтіннің бізге жеткізіп отырған ақпараты сол мәтін тілінің, шетел тілін үйренушінің үйреніп жүрген тілінде жариялануы, сол тілді иемденуші ұлттың өкілінің таным-түсінігі, өмірлік қағидалары, сол ұлтқа тән қасиеттер газет мәтінін оқу барысында көрініс тауып отырады.. Мәдениет арқылы тіл, тіл арқылы мәдениет пайда болады. Тілдің дамуы тікелей мәдениетке байланысты. Мәдениеттің тілде көрініс табуы немесе керісінше тілдің мәдениетте көрініс табуы газет бетіндегі мақала авторының өмірлік көзқарасы, өмірден түйген мен көргені, оның қоғамдық ортаға деген қарым-қатынасы мәтін арқылы тіл үйренушіге беріліп отырады.*

***Тірек сөздер:** газет, тіл, аутенттік, ақпарат, әлемдік бейне, коммуникация, когнитивтік, лингвомәдени, оқырман, мәтін.*

Аннотация: Лингвистические исследования газетных текстов несомненно важны. Средства массовой коммуникации, такие как радио, телевидение, газеты продолжают развиваться и занимать свое место в обществе. Через газетный текст человек познает культуру, обычаи и традиции народа, знакомится с особенностями географического положения региона, со всеми особенностями присущие тому народу, чей язык он изучает. Через чтение иностранных газет мы можем узнать больше о жизненных принципах, когнитивных и особенностях народа изучаемого языка. Язык познается через культуру, а культура через язык. Развитие языка зависит от его культуры. Отражение культуры в языке или языка в культуре, жизненные взгляды, жизненный опыт, отношение к обществу автора передается читателю через газетный текст.

Ключевые слова: газета, язык, аутентичный, информация, мировая картина, коммуникация, когнитивный, лингвокультурологический, читатель, текст.

Annotation: Linguistic investigations of newspaper texts are very important. Mass media as radio, television, newspapers continue to develop and take its place in society. Through newspaper text we perceive culture, customs and traditions, get acquainted with geographical position of the region and peculiarities of the people whose language we learn. During reading the foreign newspapers we can know more about important principles, cognition and particular properties of the people of the learning language. The language is cognized through the culture and culture through the language. Developing of language depends on its culture. Reflexion of language in culture and culture in language, important prospect, life experience, attitude to the society of the author pass on to the reader through newspapers.

Key words: newspaper, language, authenticable, information, world picture, communication, cognitive, lingua-cultural, reader, text.

Оқып үйрену жағдаятында бүтіндей өзі оқып үйрену көбіне көп студенттің жеке талпынысынан ғана туындаған іс-әрекет көрінісі болып сипатталып келгені болмаса, оны жеке бір сала ретінде қарастырып зерттеген ғалым яки жекеленген еңбек жоқ. Сөйте тұра зерттеліп отырған мәселе шет тілін оқыту әдістеме болар болса оның нәтежелі зерттелуі үшін 3-негізгі компонент: оқытушының құзіреттілігі, студенттің оқуға яғни үйренуге деген құлшынысы және оқу материалының маңыздылығы мен ауқымдылығы.

Оқыту мәселесіне қатысты әдістемеде оқулықтар тізіміне қатысты қатып қалған қандайда бір заңдылық жоқ. Газет мәтінімен таныстырып, шеттілін үйрету негізінен мамандандырылған сыныптарда немесе тілдер факультетінде жүзеге асуы қажет. Біздің газет тіліне деген қызығушылығымыз негізінен мына жағдаяттарға қатысты туындап отыр.

Газет өз кезегінде қол жетімді ақпарат көз болып табылады. Ағылшын газеттері жалпы ағылшын тілінде жарияланады және өзге мемлекеттерге ауқымды көлемде жарияланылады. Әр тәулік сайын жаңа ақпараттармен толысып, қоғамға яки қоғамды мекен етуші адамзатқа қатысты, адамзат өміріне қажетті ақпараттар легі өте көп. Ағылшын тіліндегі газет ағылшын тілінен дәріс оқитын оқытушы үшін таптырмас көмекші құрал болып табылса, студент үшін жаңа әлемге ашылған есік, яки болашақ өміріне бастайтын баспалдақ іспетті. Оның мүмкіндіктерінің артуына жәрдем етеді. Газет өз кезегінде аутенттік материал болып табылады. Бұл оның іс-тәжірбие барысында басы бүтін ең маңызды қажетті құжат екенінің бірден-бір дәлелі. Шеттілін оқыту барысында дәріс үстінде газет мәтіндерін қолдану заманауи

оқытудың бір көрінісі болып көрініп ғана қоймай сонымен қатар, шеттілін оқытудағы алға жылжу болып табылады. Ағылшын тілін үйренуші студенттер алдарында тұрған ағылшын тілінде терілген мәтінді оқи отырып, кереметтей мүмкіндіктерге ие болып өз мақсаттарына жақындай түседі. Бұл болашақ күндерде өзі үйреніп жатқан тілді иемденуші ұлтпен етене қатынасқа түсіп, сол мемлекетке сапар шекпек ниеті бар студенттер үшін өте тиімді.

Газет публицистикалық стиль болып табыла тұра өз кезегінде қоғамға яки адамзатқа таратар ақпараттарының ауқымына байланысты, қозғайтын мәселесіне орай өзге төрт стильді де қолданады. Мұндай өзгешеліктер өзге оқу құралдарында кезіге бермейді. Ағылшын тіліндегі газет мәтіндері ағылшын тілінің орфографиялық тілдік ерекшеліктерінде анық көрсетіп, оның заңдылықтарымен танысуына да мол мүмкіндіктер береді.

Газет мәтінінің мазмұнының сан-салалы болуы, көптеген сюжеттерге негізделген оқиғалардың газет беттерінен орын тебуі, ондағы газет тақырыпшалараның адам санасына тез әсер етіп, қызығушылығын арттыруы, өз кезегінде тіл үйренуші студент үшін де жедел әсер етеді; газет тақырыпшаларын, ондағы ақпараттарды оқу арқылы адам санасында (тіл үйренушінің санасында) сол тілді иемденуші ұлттық құндылықтары, тіршіліктерінің бүтін бір бөлшегін суреттейтін көрініс қалыптасады. Бұл тілді үйрету барысында тілді үйренуші студенттердің өздері үйреніп отырған тілге деген қызығушылығын арттырып, дамытып отырады.

Шетел тілі газетінің мәтінінің бізге жеткізіп отырған ақпараты сол мәтін тілінің (шетел тілін үйренушінің тілі емес), шет тілін үйренушінің үйреніп жүрген тілінде жариялануы, сол тілді иемденуші ұлттың өкілінің таным-түсінігі, өмірлік қағидалары, сол ұлтқа тән қасиеттер газет мәтінін оқу барысында көрініс тауып отырады. Газет мәтіні арқылы тіл үйренуші өзі үйреніп отырған тілді иемденуші ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүрімен, географиялық аумақтық ерекшелігімен бүтіндей алғанда жалпы тек сол ұлтқа тән ерекшеліктермен танысады. Сонымен қатар мәдениетпен бір туа пайда болатын ол сол ұлттың тілі. Мәдениет арқылы тіл, тіл арқылы мәдениет пайда болады. Тілдің дамуы тікелей мәдениетке байланысты. Мәдениеттің тілде көрініс табуы немесе керісінше тілдің мәдениетте көрініс табуы газет бетіндегі мақала авторының өмірлік көзқарасы, өмірден түйген мен көргені, оның қоғамдық ортаға деген қарым-қатынасы мәтін арқылы тіл үйренушіге беріліп отырады. Тіл үйренуші өзі үйреніп жатқан тілде (сол тілді иемденуші ұлттың шығарып жатқан газеті. Қазақстанда шығарылған ағылшын тілді газеттер емес.) жарық көрген газетті оқу арқылы мәдениетаралық тілдік қатынасқа түсуге бейімделіп, мәдениетаралық қатынас құра біледі. Бұл тіл үйретуші педагог филолог маманға өз шәкірттеріне грамматикалық немесе лексикалық сөздік қорының артуына жәрдем етіп ғана қоймай сол дәріс үстінде мәдениетаралық тілдік қатынас орнатуына мүмкіндіктер беріп, өзі үйреніп жатқан ұлттың тілінде сол ұлтқа тән тілдік ерекшеліктерді өз тілінде көрінуіне мүмкіндіктер туғызады. Газет мәтінін оқу арқылы сол өзі үйреніп

отырған ұлттың өкіліне тән ойлануға бейімдейді. Бұл өз кезегінде сол өзі үйреніп отырған тілді жедел меңгеруіне септігін көптеп тигізеді.

И.Р.Гальперин «газет мәтіндеріне тән негізгі ерекшелік оның көпқырлылығында», - деп сөз етеді [1].

Тілдік стильдер жайында Р.А.Будагова, «жалпы тілдік көпқырлылығы оның тарихи маңыздылығында яки сол ұлтқа тән ерекшелігінде емес, әр стильдің құрамында жекелеген стильдердің қандай да бір бөлшектері көрініс табады. Бірақ, әр стильдің атқаратын қызметіменен, өзіне тән стильдік ерекшеліктері өзге стильдерден бөлініп ерекшеленуіне мүмкіндік береді» , - деп бағамдайды [2, 68 б.].

Публицистік стиль өзге стильдерге қарағанда жалпы тілдік (жалпыға ортақ) көрініспен (тілдік тұрақтылығыменен фрпазиологизмдер мен лексиканы, грамматиканы жалпы халыққа түсінікті сөйлемдердің қолданысқа түсуі) ерекшелінеді [3, 10 б.].

Газет тілінің ғылыми зерттеуі жайында сөз қозғар болсақ, И.П.Лысакованың сөзін атап өтпей әсте болмайды. Ол: ««функционалды публицистикалық газет тілінің диалектикалық тілдік бірліктерден құралатындығы ақпараттық қырының ерекшеленуіне әсер етеді», бұл зерттеулердің нәтежесінде газет мәтіндерінде көрініс табатын грамматикалық, лексикалық категориялар газет тілінің стилдік ерекшелігінің бірі болып табылады» [4, 28-29 бб.].

И.П.Толкачева өзінің диссертациялық еңбегінде: «газет өз кезегінде әр түрлі жанрға тән ақпараттардың бір арнада тоғысуын суреттейтін ақпараттық жиынтық. Ол жиынтықтардың әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар» [5, 18 б.].

Газет мәтіннің лингво-коммуникативтік ерекшелігін сөз ете отырып біз газет тілінің өзіне тән ерекшелік сипатымен қоса газет тілі және публицистикалық стил жайын баяндаймыз.

Өзіндік ерекшеліктері арқылы баспасөз ақпарат құралдары жалпыға ортақ және жедел әрі қол жетімді ақпарат көзі болып табылады. Әлемде орыналып жатқан ақпараттар жайлы ең соңғы мәліметтерді, өзін қоршаған орта жайлы, өзі ғұмыр кешіп отырған қоғам жайлы қандай да бір ақпаратты білгісі келген адам ең бірінші кезекте газетті қажет етеді. Газет тек ғана ақпараттар жиынтығы емес, тіл үйренуші студент үшін сөздік қорын байыта түсер оқу құралы, қарапайым тұрғын үшін әлеуметтік ақпарат көзі, Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Газет халқытың көзі Һәм құлағы» болып табылады. Газет адам санасына тікелей әсер ететін, адам санасында көрініс табатын сюжеттер жиынтығы, ақпараттар көзі [6, 7 б.].

Газет- тірі жан іспетті. Ол әр сәт қозғалыс үстінде болады, сәт сайын дамып, өзгеріп отырады. Әлемдік ақпараттарды өн бойына топтастыра отырып, адам организмі сияқта қажет емес ақпараттарды сыртқа шығара, қажет ақпараттарды өн бойына жинап топтастырады. Газет өз оқырманына ақпаратқа қанық тұлға болуына мүмкіндік жасайды, осы арқылы газет оқырманының әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар, ой-танымында

өзін қоршаған қоғамдағы оқиғалар жайынды өзіндік пікірі қалыптасқан тұлға болады. Сонымен қатар газет оқу арқылы адамдардың сауаттылығы артады.

Газет жалпы халыққа арналған, ақпарат жеткізуші құрал. Сондықтанда ондағы ақпараттар оқырмандарының жас ерекшелігіне, өмірлік көзқарастарына, қандайда бір саланың маманы болмасын жалпы ортақтық сипатта болады. Сондықтанда оның тілдік ерекшелігіде жалпы халыққа ортақ публицистикалық стилде жарық көреді. Жалпы аудиториясының қажеттілігін қанағаттандырып, саяси, әлеуметтік маңызы бар ақпараттармен қамтамасыз етеді. Газет бетіндегі ақпараттар ағыны әр түрлі болғаныменен негізгі көлемі жағынан бірдей стандартқа сай болып келеді.

И.Т. Аширова орыстың белгілі ғалымы М.М.Бахтиннің анықтамасын: «Мәтін тілді қолдану нәтижесінде дүниеге келеді, сондықтан әрбір мәтіннің сыртында тілдің жүйесі тұрады», - ұсына отырып, өз ойын келсідей тұжырымдайды: яғни мәтіннің өзі тілдің белсенді қызмет атқаруы арқылы өмірге келеді. Осыған орай, лингвистикада тілдегі когнитивтік процестер мен оның прагматикалық, психологиялық және әлеуметтік қырларын қарастыратын зерттеулер күшейіп, индивидтің ойлау және интенционалды ерекшеліктерін оның жасаған мәтіндері арқылы белгілі дәрежеде дәлме – дәл айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан да бұл аспектілердің мәнін кешенді түрде зерттеу тілдік тұлға теориясымен тығыз байланысты. Қазіргі БАҚ, оның ішінде газеттік мәтінге қатысты тілдік теориялық мәселерді зерттеуде дүниені тілдік тұрғыдан тануға үлкен маңыз беріле бастағаны шындық» [7, 45 б.].

Мәтінді оқу мәселесі көптеген ғалымдардың, әдіскерлердің еңбектерінде зерттелді. Фоломкина С.К. айтуынша, «мәтін - шетел тілін оқыту мақсаттарына жетуде мазмұндық жағынан нағыз қажетті құрал, өйткені ол тілді қатысымдық құрал ретінде меңгертуге мүмкіндік туғызады. Мәтін тілдің ең динамикалы бөлігі, оның құрылымы күрделі. Мәтін – қарым-қатынастың аяқталған түрі, белгілі бір құрылымды және ұйымдасқан түрі, ол когнитивтік, ақпараттық, прагматикалық және әлеуметтік қызметтер атқарады», - дей келе ғалым А.М.Новиковтың анықтамасын келтіреді: «мәтін - қатысымдық әрекеттің, өзара түсіністіктің ерекше қаруы» [8, 19 б.], яғни мәтіннің шетел тілін, мәдениетін меңгерудегі берері мол, мұнда әсіресе түпнұсқалық, яғни аутентикалық мәдени мазмұнды мәтіндер үлкен қызығушылық туындатады.

Газет - оқырмандары жасы мен әлеуметтік жағдайы әр алуан, өмірге деген көзқарастары, сан түрлі тағдырлар тоғысын бір арнаға жетелеген жаңа ақпарат ағыны. Бұл қасиет газеттің қоғамдағы орынын анықтап, қасиетін нықтай түспесе кемітпеді. Зерттеушілердің көбі газетті қоғамның ақырғы үкімді парақшасы ретінде санады. Қоғам үшін, онда өмір сүріп жатқан әр бір азаматтың пікірі газет мәтімен ұштасып жататын (А.Н.Васильева, Г.Я.Солганик). Газет-қарапайым халықтың көңілдегі түйткілін, арман, мүддесін мүлтіксіз баян ететін ақпараттар бұлағы.

Жалпылама айтқанда газет тіліне қажеті кітаби (әдеби тіл) тілдей жағымды, «құрғақ» дәлелдер легі, сандар, ақпараттар және қарапайым

халыққа түсінікті ауыз екі тілдің бір бөлшегі көрініс табуы қажет. «Демек, газет тілі барлық стильдердің бір арнаға тоғысқан әр стильдің өзіндік бір қасиеттерін ала отырып әмбебеп негізде пайда болған тіл деп бағамдасақ болады. Публицистикалық стильдің төл перзенті болып табылғанымен оның бойынан өзге стильдің бояуларыда табылып тұрады» [9, 11 б.].

Ақпаратты қарапайым жалпыға ортақ тілде сөйте тұра жедел түрде жеткізу бұл тек газеттің ғана бойынан табылатын қасиет. Ақпараттар ағынын жалпыға бірдей, бір мезетте жеткізу. Оның тілінің өз оқырмандары үшін түсінікті және анық болуы оның қандай да бір жағдаяттардан аулақ болуын және өміршеңдігінің бірден бір кепілі бола білді. Бұл әсіресе, оның лексикасының жалпыға ортақ емес термин сөздерінің немесе диалекті сөздердің және грамматикалық күрделі мәтіндердің болмауына қатысты айтылатын ерекшелік.

Газеттің негізгі атқаратын қызметі ақпараттар легімен өз оқырмандарын қамтамасыз ету. Оның қызметі болып табылмайды және ол ешқашан үкім ете жол көрсетіп айта алмайтыны өз оқырманының діни, өмірлік көзқарастарына қатысты пікір.

Газет тілін зерттеуші В.Г.Костомаров зерттеуінде газет тіліне нақты екі қасиет тән. Олар: оның мақсаты мен тілінің стилдік жағынан ерекшелілігінде. Бұл екі қасиет газет тілінің – ақпаратты жеткізуші, өзі жеткізген ақпараттың дұрыстығына жалпы халықты сендіруі, өзі сендірген ақиқатқа қарсы ұмтылдырушы күш иесі айқындай түседі. В.Г.Костомаров «газеттік коммункация ол экспрессивтік және стандарталған тілдік ерекшеліктердің қосындысы яки бір бөлшегі», - деген пікір айтады. Бұл пікірмен толыққанды қосылғанымызбен айтарымызда жоқ емес. Газет мәтінің бір маңызыды саласы осы тақырыпат. Тақырып арқылы газет мәтіні өзінің құндылығы мен маңыздылығын оқырман қауымға көрсете алады. Өйткені, газет бетіндегі тақырыпат оқырман көзіне түскен сәтінен бастап оның танымына әсер етеді. Демек, тақырыпат ат газет бетіндегі ақпарат көзі болып табылады [10, 46 б.].

Демек, шетел тіліндегі мәтінді (БАҚ) оқи отырып оқушы мұндағы ақпаратты өз тәжірибесіне, өз көзқарасына, өз мәдениетіне сүйене отырып қабылдауы және түсінуі мүмкін. Әр халықтың әлемнің тілдік картинасы әртүрлі

Осылайшы бұқара ақпарат құралдары (шеттілдік газеттер) негізінде әлемге көзқарасты, яғни «әлем картинасын», халық менталитетін, әлемді қабылдау жүйесін қалыптастыру тиімді жолдардың бірі деп қарастырамыз. Тілдік қарым-қатынас сәтті де нәтижелі болуы үшін тілді ғана білу жеткіліксіз, сондай-ақ сол елдің мәдени өмірін, мәдени нормаларын, ерекшеліктерін білу, танысу, қарым-қатынас үдерісінде өз білімін қолдана алу да аса маңызды. Ал мұндай лингвомәдени ерекшеліктерді газет беттерінде айқын көруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Гальперин И.Р. очерки по стилистике английского языка. –М.: Изд-во лит-ры на иностр.языке, 1958. -459 с.

- 2 Будагов Р.С. Литературные языки и языковые стили. –М.: Высшая школа, 1967. - 367 с.
- 3 Вакуров В.Н. и др. Стилистика газетных жанров. Учебное пособие для вузов по специальности «Журналистика». – М.: Высшая школа, 1978. – 183 с.
- 4 Лысакова И.П. Язык газеты: социолингвистический аспект. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1981. -193 с.
- 4 Толкачева И.П. Методика обучения чтению газет на английском языке (скоростное чтение): Автореф.дисс...канд.пед.наук. –М., 1978. -28 с.
- 5 Васильева А.И. Газетно-публицистический стиль речи: Курс лекций по стилистике русского языка. М.:Русский язык, 1982. -198 с.,
- 6 Аширова А.Т. Газет мақалалары тақырыптарының синтаксистік құрылымы. Филол.ғыл.канд.дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2009. - 119 б.
- 7 Фоломкина С.К. К проблеме отбора текстов для чтения на иностранном языке. // Актуальные вопросы обучения иностранным языкам в средней школе. Под.ред. 8 А.Д. Климентенко и А.А.Миролюбова. —М.: Педагогика, 1973.Васильева А.И. Газетно-публицистический стиль речи: Курс лекций по стилистике русского языка. М.: Русский язык, 1982. – 198 с.
- 9 Костомаров В.Г., Верещагин Е.М. Язык и культура. // -М., Русский язык, 1976.

Резюме

В данной статье рассматриваются лингво-коммуникативные особенности газетного текста и его важности в обучении иностранному языку.

Resume

This article considers lingua-communicative peculiarities of newspaper text and its importance in teaching foreign languages.

ӘОЖ 80181 ББК 81.2

Сейталиева Қ.О. - аға оқытушысы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Мақалада тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесі, мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалатындығына тоқталады. Мәтінді толық түсіну – мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды деген сұрақтарға жауап бергенде ғана жүзеге асатындығын айтады.

Тірек сөздер: Көркем мәтінді талдау, мәтін лингвистикасы, көркем шығарма, тілдік талдау, құрылымдық-семантикалық тұтастық.

Көркем мәтінді талдау мәтін лингвистикасының маңызды мәселесі болып табылады. Мәтін негізгі сөйлеу бірлігі ретінде ХХ ғасырдың 60 жылдары мәтін лингвистикасының негізгі зерттеу нысанына айналды. Оның негізі Э.Бенвенист, В.Скаичка, С.И.Карцевский, В.Матезиус, Ш.Балли,

В.В.Виноградов, З.Заррис т.б. еңбектерінде қалыптасты. Жалпы тіл біліміне арналған еңбектерде көркем мәтінді талдау құрылымдық тіл білімінің аясында қалыптасқаны айтылады. Құрылымдық тіл білімі «құрылымдық, құрамдық элементтерге жіктелушілік және олардың бір-бірімен байланысы тілдің ең негізгі қасиеті, тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау – тіл білімінің тек өзіне ғана тән, оның бірден-бір нысаны деп білді» [1,186]. Бүгінде «тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланыс» нәтижесінде туындайтын мәтін көптеген ғылымдардың зерттеу нысанына айналып, оны зерттеудің сан алуан қыры анықталды. Осылардың ішінде мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттарды қарастырады. Бастапқыда жүйелік-құрылымдық тұрғыдан қызығушылық тудырған тіл элементтері бертін келе функционалдық қырынан сөйлеу әрекеті мен тілдік қатынас теориясы тұрғысынан зерттеле түсті. Л.Г.Бабенко, Ю.В.Казарин, Л.Новиковтардың ойынша, мәтін лингвистикасы дербес ғылым саласы ретінде соңғы отыз жыл ішінде қарқынды дамыды және ол ХХІ ғасырда әлемдік тіл білімі салаларының ішінде алдыңғы қатарға шығады. Соның ішінде көркем мәтін лингвистикасы аса маңызды орынды алады. Себебі онда мәтіннің бірнеше бөліктерінің ықпалдасуы жүзеге асып, семантикалық және эстетикалық қызметі толық ашылады. Академик Л.В. Щербаның айтуынша, көркем әдеби шығарманы талдау дегеніміз – әдеби шығарманың идеялық мазмұны мен сол арқылы оқырманда туатын түрлі сезімдер тіл арқылы қалай жасалып тұр деген мәселені зерттеу болып табылады. А. Байтұрсынұлы оны кең ауқымда алып қарайды: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселердің белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, толғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [2, 23]. Адамзат баласына тән қасиеттердің бәрін өзінің бойына тоғыстырған мәтіннің табиғатын тану тек қана тіл бірліктерін санамалаудан ғана тұрмайтыны белгілі. Әйтпеген күнде ол «фактологияға» айналары хақ (Р.Сыздық).

«Ақын тілінің» өңі мен көркі, лебізі тұтас мәтін контекстінде танылады. Көркем сөзбен өрілген мәтін өрнегін А.Байтұрсынұлы үй салу өнеріне ұқсатады. «Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты. Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің түзілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіші жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі

жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады». Айтушы ойын өзі үшін емес, өзгелер үшін, өз ойын объективтік шындыққа айналдыру, шығармашылық ойын жүзеге асыру, адам және қоршаған орта туралы ой-толғаныстары мен білімдерін жеткізу мақсатында айтады. Сол арқылы автор санасындағы дүниелер өзге адамдардың, тұтас қоғамның құндылығына айналады. Жеке санаға қатысты терең психологизм мен философия, дүниетаным мен танымдық әрекет және ойлау, сөйлеу стилі мәтінге өзінің қайталанбас ізін қалдырып отырады. «Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, ол да өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет» (Р.Сыздық). Мәтіннің семантикалық, құрылымдық және қатысымдық сапалары автордың көркемдік идеясына, эстетикасына бағына ұйымдасып, мәтінді кешенді талдаудың негізіне алынады.

Көркем шығарма қатысымдық тұрғыдан келесі компоненттердің қатысуымен ұйымдасады:

1. Әдеби туындының авторы мен туындының мәтіні және оны қабылдаушы оқырманның болуы. Көркем шығарма осы үштік одақтың үйлесімділігінен тұрады.

2. Жеткізуші алдын-ала кодтаған мәтіннің таңбалануы және оның қабылдаушы санасында қайта кодталуы (декодталу).

3. Таңбалардың шарттылығы, яғни шынайы өмірді өнерде бейнелеу ұстанымы және оның көркем шығармаға тән дәстүр бойынша берілуі.

Соңғы екі шарт оқырманның шығарма тілін түсініп, оған өзіндік талдау, пайымдаулар жасауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттің объектісі өмір, предметі адам болғандықта да, көркем мәтін адамнан тыс бола алмайды. Гуманитарлық ғылымдардың ішінде әдебиет бұл «жансыз зат туралы емес, өзіндік ерекшелігі бар адам туралы ғылым. ал адамның ерекшелігі – ол әрқашан өзін-өзі контексте танытады (сөйлеу арқылы), яғни ол мәтін түзеді. Әрбір шынайы көркем мәтін әрқашан белгілі бір деңгейдегі жеке адамның еркін танылуы (откровение)» [3,116]. Ендеше әрбір мәтіннің артында адам тұрады. Сол себепті де М.Горький әдебиетті «адамтану» туралы ғылым деп бағаланғаны мәлім. Адам қаншалықты күрделі болса, мәтінді талдау да, тану да соншалықты көп қырлы болып келеді. Бүгінде мәтінді зерттеудің тілдік, мәтіндік, антропоцентристік, когнитивтік негіздері қалыптасты.

Мәтінді тілдік талдау басқа талдау түрлеріне қарағанда ғылыми әдебиеттерде көбірек қарастырылған. Тілдік талдаудың логикасы тіл бірліктері мен категорияларының қызметіне негізделеді. Ол әдетте

стилистика, көркем сөз поэтикасында кеңінен қолданылып, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық бірліктер мен категориялардың қызметін талдауға құрылады. Мәселен, белгілі ғалым Р.Сыздықтың Абай шығармаларының тілін зерттеуге арналған еңбектері, Ф.Мұсабекованың, М.Серғалиевтің еңбектері осы бағыттағы тілдік талдауға негізделген. Сонымен қатар, соңғы кездерде жеке авторлардың идиостилін зерттеуге құрылған Г.Сәрсек, Л. Мақұлова, Г.Әбікенова, К.Еңсебаева, Ж.Б. Саткеновалардың еңбектерінде тілдік талдау ең негізгі талдау түрі ретінде қолданылған. Дара стильді зерттеуге құрылған еңбектерде жекелеген сөз таптары мен сөз дыбыстарының, сөз тіркестері мен сөйлем түрлерінің, окшау сөздердің көркем мәтіндегі қызметі сөз болды. Мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалады. Осылайша тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесін шешуге қол жеткізуге болады. Мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды және осылайша ұйымдасты деген сұрақтарға жауап бергенде ғана мәтінді толық түсіну жүзеге асады [4,9]. Бұл бағыттағы зерттеулердің басты ерекшелігі – нақты тіл бірлігінің функционалдық қызмет сапасын анықтап, белгілі бір жазушының, ақынның сөз қолданудағы дара стилін зерделеуге мүмкіндік береді. Мұндай функционалдық-стилистикалық зерттеулер функционалды лингвистикамен бірге, функционалды стилистиканың да қалыптасуына ықпал етті. Мәтін лингвистикасы тұрғысынан келгенде, мұндай зерттеулер тіл бірліктерінің мәтін ішіндегі қызметі мен рөлін, семантикасын толық ашуға мүмкіндік бермегендіктен, тіл бірліктерінің мәтін жасауға қатысы назардан тыс қалып қойды.

Мәтін қандай да бір шығармашылық үдерістің нәтижесі, жемісі болғандықтан оны кешенді зерттеу неғұрлым пайдалы болмақ. Талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ол олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі. сондықтан текстің құрылымдық-композициялық негізін құрап, оны ұйымдастыратын тәсілдерді зерттеу маңызды. текстің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін зерттей келіп, ол ерекшеліктерді мазмұндық ұғым-категориялармен (тақырып, идея) байланыста алып, әрбір нақтылы текске олардың қарым – қатынастарының қандай болатынын ашу керек» [5,3]. Г.А. Золотова, Н.А.Кожевникова, И.И.Ковтуновтардың зерттеулерінде мәтін құрылымдық-семантикалық тұтастық ретінде қарастырылғанмен, мәтіннің семантикасы мен грамматикасы шартты түрде екі бөлек алынады. Сол сияқты И.Р.Гальпериннің, Е.А. Гончарованың, В.А. Кухаренконың, Б.Шалабай, Х.Кәрімов, Е.Жанпейісов т.б. зерттеулерінде мәтін төменнен жоғары бірліктердің жеке дара жиынтығы ретінде емес, сөйлеудің әмбебап түрі ретінде қарастырылады.

Антропоцентристік зерттеу мәтіннің жасалуы және оның әсері, автор мен оқырман позициясы тұрғысынан аса маңызды. Ол іштей бірнеше бағытта қарастырылады:

-психолінгвістикалық (Л.С.Выготский, М.М.Мұқанов, Т.М.Дридзе, А.А.Леонтьев, И.А.Зимняя, Н.И.Жинкин, А.Р.Лурия, Л.В.Сахарный, А.М.Шахнарович т.б.);

-прагматикалық (А.Н.Баранов, Г.Әзімжанова);

-қатысымдық (Г.А.Золотова, Н.С.Болотнова);

-жанрлық-стильдік (М.М.Бахтин, М.Н.Кожина т.б.);

-когнитивтік-концептуалдық (Ю.А. Сорокин, Е.С. Яковлева, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая, А.П. Бабушкин, С.А. Аскольдов, А.Н. Баранов, Д.О. Добровольский, Н.Д. Арутюнова, Н.Н. Болдырев, Э.Д. Папова, И.А. Стернин, Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова А.В.Лосев, Қ.Жаманбаева, Ж.Б.Саткенова, Ш.М.Елемесова т.б.).

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау прозалық және поэтикалық туындылардың жанрлық табиғатын да ескеріп, мәтінтануда олардың ішкі ерекшеліктерін басшылыққа алуды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қордабаев Т. Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. А.: Дәуір, 2004. -240б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463б.
- 3 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. // Сб. избр. трудов. – М.: Искусство, 1986. – 444с.
- 4 Бобылев Б.Г. Стилистический анализ художественного и публицистического текста. –Алматы: Мектеп, 1987. – 120с.
- 5 Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 100б.

Резюме

В статье автор обращает внимание на то, что функция языка, вопросы употребления языковых средств внутри текста, конструктивная идея самого текста тесно связаны с особенностями его образования, с употреблением каждого слова в контексте. По мнению автора, детальное понимание текста возможно только тогда, когда есть ответы на то, почему употреблено именно это слово, а не другое, какую функцию выполняет то или другое слово для передачи той или иной мысли.

Resume

In this article the author takes into consideration the function of language the problem of using lingual means in the text, constructive idea of the text is closely connected to the formation peculiarities by using every word in the context. According to the author it is possible to understand the next in detail while it has concrete answer and its function to reproduce thought.

ЛИНГВОМЭДЕНИЕ ТАТУ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ CULTURAL LINGUISTICS

УДК 81:001.12. 16.01.11

Шарипова Г.Б. – ст. преподаватель
КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

ОБУЧЕНИЕ НОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ ЧЕРЕЗ МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ОБЩЕНИЕ – СОСТАВЛЯЮЩАЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Аннотация: Главной целью обучения иностранным языкам является формирование способности к участию в межкультурной коммуникации, что в настоящее время является актуальным. Автором статьи подчёркивается значение культуроведческой направленности обучения иностранным языкам, что качественно обеспечивает реализацию не только общеобразовательных и воспитательных, но и практических целей.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, коммуникативная компетенция, невербальные средства, социокультурные знания.

Воспитание подрастающего поколения в духе демократии, свободы, личного достоинства, приобщение их к универсальным, глобальным ценностям, формирование умений общаться и взаимодействовать с представителями соседних культур и в мировом пространстве является одной из важных задач любого учебного заведения.

Учебный процесс требует усиления гуманитарной и практической направленности учебных дисциплин, включения в их содержание материалов, помогающих обучающимся освоить ценности общества и культуру, в которой они живут, способы самоопределения в них. Принцип культуросообразности - один из ведущих принципов воспитания, предполагающее воспитание на общечеловеческих ценностях, которое строится в соответствии с ценностями и нормами национальной культуры и региональными традициями, не противоречащими общечеловеческим ценностям.

Изучение культуры в процессе обучения отдельным учебным дисциплинам вносит существенный вклад в воспитание подрастающего поколения. Предмет «иностранный язык» занимает в этом ряду особое место. Он не только знакомит с культурой стран изучаемого языка, но путем сравнения оттеняет особенности своей национальной культуры, знакомит с общечеловеческими ценностями.

Главной целью обучения иностранным языкам является формирование способности к участию в межкультурной коммуникации, что особенно важно сейчас, когда смешение народов, культур, языков достигло невиданного размаха. Остро встала проблема воспитания терпимости к чужим культурам, пробуждение интереса и уважения к ним, преодоление в себе чувства раздражения от избыточности, недостаточности или просто непохожести других культур. Развитие способностей к межкультурной коммуникации представляет собой адекватное взаимопонимание двух и более участников коммуникативного акта, принадлежащих к разным национальным культурам. Это ведет к формированию таких качеств личности, как открытость, терпимость и готовность к общению. Открытость позволяет увидеть в культуре страны изучаемого языка непривычное, чужое. С открытостью связана способность человека терпимо относиться к прКяВлДнИяд чуГдІгв, нРпЁ ивырнкгҮ Р арсгАх кулҚтҒрах, гороанОсть143к межкультурному обмену, которые являются существенной составляющей коммуникативной компетенции, и обеспечивает активное общение с представителями иных социокультурных общностей. В ходе межкультурного общения речевые партнеры могут отличаться друг от друга в отношении ценностно-ориентационного мировидения, образа и стиля жизни, моделей речевого и неречевого общения.

В настоящее время актуальность приобретает межкультурная коммуникация в сфере повседневного общения - знание моделей общения, культурных стереотипов, ценностных ориентиров, образов и символов культуры, использование новых информационных технологий в формировании основ вышеуказанной компетенции у обучающихся. Новые информационные технологии позволяют создавать аутентичную языковую среду и открывают новые возможности для межкультурного общения, что позволяет учащимся увидеть практическую пользу изучения иностранного языка.

Использование метода телекоммуникационных проектов в учебном процессе является тем средством, которое обеспечивает наиболее эффективное иноязычное общение на межкультурном уровне в пределах школьной программы.

Метод телекоммуникационных проектов рассматривается как эффективный способ создания аутентичной языковой среды, в которой происходит приобщение обучающихся к иноязычной культуре с учетом особенностей родной культуры, через осознание обучающимися культуры родного и изучаемого языков.

Формирование основ межкультурной коммуникативной компетенции у обучающихся будет более эффективным при условии, если:

- процесс обучения иностранному языку на межкультурной основе будет организован с использованием метода телекоммуникационных проектов как средства создания аутентичной языковой среды;

- модель обучения формированию межкультурной коммуникативной компетенции будет создана с учетом возрастных и психологических особенностей обучающихся, основных положений коммуникативно-деятельностного подхода и опираться на принципы: коммуникативности; проблемности; культуросообразности; учета родного языка и культуры; познания и учета культурных ценностей; этнографичности;

- содержание обучения будет отобрано с учетом целенаправленной и управляемой иноязычной речевой деятельности в соответствии с правилами общения и национально-культурными особенностями двух стран.

Для осознания обучающимися себя как культурно-исторических субъектов, являющихся носителями и выразителями не одной, а целого ряда взаимосвязанных культур, для подготовки их к выполнению в обществе роли культурного посредника в ситуациях межкультурного общения, для развития у них обще-планетарного мышления и этики поведения, а также таких качеств, как социокультурная наблюдательность, культурная непредвзятость, готовность к общению в инокультурной среде, речевой и социокультурный такт, т.е. для поликультурного и билингвистического развития языковой личности обучаемых необходимо создание реальных условий.

При формировании межкультурного пространства необходимо использовать материал о родной стране, который позволяет развивать у обучаемых культуру представления родной культуры на иностранном языке (в условиях межкультурного общения), а не только на ее опору при формировании представлений об иноязычном культурном сообществе, так как в процессе межкультурного общения приходится интерпретировать не только чужую культуру, но и представлять свою собственную культуру. По этому родной мир обучаемого не только не должен игнорироваться при изучении иностранного языка, но и учитываться при отборе культуроведческого наполнения современных учебников и пособий по иностранному языку.

Однако привлечение культуроведческих компонентов при обучении иностранным языкам абсолютно необходимо для достижения основной

практической цели – формирование способности к общению на изучаемом языке. По этому поводу совершенно справедливо писал Г.В.Колшанский: «включение в программу обучения иностранным языкам страноведческих элементов культурологических сведений, реалий и т.д. связано не со стремлением придать учебному процессу занимательность, а с внутренней необходимостью самого процесса обучения» [2]. Возникает закономерный вопрос, в чем же состоит эта внутренняя необходимость. Дело в том, что особое познание мира той или иной человеческой общностью, обычаи, нашедшие отражение в культуре, передаются в языке и могут стать препятствием при общении представителями разных народов. Этот факт хорошо известен педагогам и методистам XIX и начала XX веков. Еще К.Д.Ушинский писал: «Вот почему лучшее и даже единственное средство проникнуть в характер народа – усвоить его язык, и чем глубже мы вошли в язык народа, тем глубже мы вошли в его характер» [3].

В ряде случаев стремление усилить культуроведческую направленность в обучении языкам носило несколько наивный характер. М.Вальтер, преподававший немецкий язык в Шотландии, оборудовал аудиторию для занятий в виде немецкой пивной, что, по его мнению, должно было содействовать изучению данного конкретного языка. Для 20-х годов XX века характерно шовинистическое высказывание немецкого методиста Ф. Аронштейна, который, перефразируя известные слова Бисмарка, упрекал немецких учителей французского языка в том, что они виновники проигрыша Германии в I мировой войне, поскольку не использовали или слабо привлекали материалы по культуре и страноведению Франции и тем самым не готовили своих учеников к пониманию особенностей наиболее вероятного потенциального противника.

Утверждение социологических идей в лингвистике и формирование интердисциплин, в частности, американкой «этнолингвистики», привело к утверждению о том, что язык определяет сознание людей, говорящих на этом языке. В этом отношении известна гипотеза «Сепира – Уорфа» о том, что разные народы, говорящие на своем языке, имеют свою систему понятий, как бы свое мышление. Данная гипотеза была использована некоторыми методистами и психологами для построения теории обучения языкам. Так, создатели аудиолингвального метода Ч.Фриз и Р.Ладо утверждали, что надо не только обучать языку, но и формировать новое иноязычное мышление. В связи с этим лозунгом они предлагали разделить весь курс обучения иностранному языку на две ступени. На первой формируются отдельные компоненты нового мышления наряду с обучением языку, а на второй – завершается становление в целом иноязычной системы понятий. В нашей стране аналогичные идеи разделял профессор Б.В.Беляев. Характеризуя выдвинутый им «сознательно-практический метод», он утверждал о необходимости формировать иноязычное мышление, наряду с обучением языку. В соответствии с этим лозунгом при семантизации иноязычной лексики нельзя опираться не только на перевод, но и на различные виды наглядности, так как последние вызывают привычные понятия, а надо

пользоваться при раскрытии значения новых иностранных слов расширенным толкованием. Идею о формировании нового иноязычного мышления мы находим и в работах А.П.Старкова и его сторонников. Однако с течением времени данная концепция начинает исчезать со страниц методической литературы.

Наукой так и не было доказано, что человеческие сообщества, говорящие на разных языках, обладают совершенно разными системами понятий, т.е. разным мышлением, а также при наличии разных систем понятий вряд ли было бы возможно быстрое распространение идей, осуществление синхронного перевода. Подлинное решение вопроса о важности культурологической направленности в практическом овладении общением на неродном языке возможно лишь с учетом последних достижений социолингвистики, психологии общения и т.п. С позиций социологической теории коммуникации процесс общения людей есть обмен информацией, при котором один из участвующих в общении владеет некоторой информацией, которая не известна другому, иначе содержательной коммуникации не происходит. «Информационное» неравенство возникает за счет того, что часть знаний одного из собеседников является индивидуальной, т.е. полученной в результате личного опыта. С другой стороны, в процессе коммуникации должна быть общая информация, образующая исходный пункт для общения.

Таким образом, для успешного общения необходимо не только владеть одинаковыми языковыми средствами собеседника (фонетическими, лексическими, грамматическими навыками), но и общими содержательными знаниями о мире. Такие когнитивные знания принято называть фоновыми знаниями. К фоновым знаниям относятся как вербальные, так и невербальные средства обучения языку, которые отличаются у разных народов. Так, для англо-говорящего индивидуума абсолютно понятны такие реалии, как «backwoods» - член палаты лордов, редко бывающий на заседаниях – или «Band of Nore» - старая дева, ищущая жениха. Для других национальных сообществ они непонятны.

Различаются и невербальные средства. Так, русский, останавливая проходящую машину, поднимает руку, а француз поднимает большой палец в направлении нужного ему пути. Существуют различия и в речевом этикете. Русские при встрече и прощании пожимают руки, что совершенно невозможно для японца, который при встрече здоровается поклонами или для европейцев совершенно исключено заговаривать с незнакомыми попутчиками во время поездки. Попытки заговорить воспринимаются ими как бескультурье.

Итак, без обучения общению на иностранном языке, овладения социокультурными знаниями и умениями - нет практического овладения языком. Также необходимо подчеркнуть, что культуроведческая направленность обучения иностранным языкам обеспечивает реализацию не только общеобразовательных и воспитательных целей, но и обязательно практических целей. Обучаемому необходимо осознать свое мышление и

особенности восприятия мира представителями родного и изучаемого языков, т.е. наряду с языковой и когнитивную стороны языкового сознания.

Список литературы:

- 1 Колшанский Г.В. Лингвокоммуникативные аспекты речевого общения. – ИЯШ, 1996.
- 2 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.: Слово, 2000.
- 3 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. и др. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2003.

Түйін

Бұл мақалада шет тілін оқытудың қажеттілігі мен мәдени аралық қарым-қатынастардың рөлін қарастырады. Сонымен қатар ана тілінің элеуметтік мәдени ортадағы рөлі мен оқып үйренетін тілдегі елдің мәдениет көрсеткішін қалыптастырудағы маңызына тоқталған.

Resume

This article also speaks about the role of native sociocultural environment on forming ideas culture of the country of targeted language. The necessity and the role of intercultural intercourse in studying foreign languages.

ӘОЖ 378.016:821.512.122.

Ибраева А.Д.- ф.ғ.к., аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАРИЯЛАНУ ТАРИХЫ

Абай ХІХ ғасырдың екінші жартысында жазба ұлт әдебиетінің негізін салды. « Жазды күн шілде болғанда» және « Күлембайға» деген екі өлеңін өзі тірі кезінде тұңғыш рет « Дала уалаяты» газетіне бастырып шығарды.

Әрине, ақынның алғашқы жинағының жариялануының басында Әлихан Бөкейханов, Абайдың өз балалары мен жақын туыстарының жүргендігі ақиқат. Оның ішінде Кәкітай Ысқақұлының есімі алдымен ауызға түсетіндігі белгілі. Кәкітайдың Абай мұрасын танытудағы басты еңбегі де Абай шығармаларының тұңғыш жинағын құрастырып жариялауы мен ақын өмірі туралы алғаш рет мәлімет беруінде жатыр. Кәкітай – Абай өлеңдерін түрлі тақырыптарға бөліп жіктеуде еңбек сіңірді. Бүкіл қазақ ақындары Абай шығармалары мен өмірбаяны жайлы дерекпен тұңғыш рет Кәкітай арқылы ғана танысты. Кәкітай Абай өмірі мен шығармашылығына жалпы тоқталғанымен, сол дәуірдің өзінде – ақ Абай жөнінде ойлы пікірлер айта білді. Кәкітай Абайдың шын мәніндегі ақындық өнерге сексенінші жылдары батыл бет бұруының себебі оның орыс халқының озық ойлы әдебиетімен танысуында жатыр деп көрсетуі, Абай творчествосы мен өміріндегі елеулі құбылыстардың төркінін дұрыс аңғара білгенін байқатты. Ақындық дарыны асып туған Абайдың осы өнерге қолын кеш сермеуі, Кәкітай пікірінше, өскен ортасына тікелей байланысты қаралады. Бірақ ел ісіне ерте араласып,

халықпен тығыз байланыста болуы арқылы ғасырлар бойы сұрыпталған тіл өнерін терең меңгеруі – Абай ақындығының тербеліп өскен алтын бесігі деді.

Кәкітай мақаласы төңкеріске дейінгі дәуірде ұлы ақын творчествосының нәр алған арналарына байланысты Абайдың ақындық кітапханасының көлемі жайлы мәселеге біршама бағдар айтуымен де ерекшеленеді.

Жиырманшы жылдар басында қоғамдық ойда Абай шығармаларын жариялау жөнінде пікірлер туындай бастады. Бұл іспеттес пікірді тілші ғалым Т.Шонановтың мақаласында айтылған деректер арқылы дәлелденіп жатты. Уақыт талабы тудырған бұл рухани сұранысқа назар аударған Қазақстан Оқу комиссариаты Абай шығармаларының толық жинағын құрастырып басып шығаруды ресми түрде ақын Бернияз Күлеевке тапсырды. Бернияз Күлеев осы мақсатты жүзеге асыру үшін, Абай өмірбаяны мен шығармаларын толық түрде жинастырмақ болып, «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Степная правда» газеттеріне жазған мақала үндеулерінде алға қойылған мақсатын анықтап та берді. Олар: Абайдың қара сөздерін бар болмысымен толық жариялау, Абай өмірбаянына байланысты фотоқұжаттарды толық қамту, Абай өмірбаянын жаңа дерек мағлұматтарымен толықтыра түсу, ақын өлеңдерін бастапқы табиғи қалпына түсіру, яғни өлең өрнектерін қалыптастыру мәселелерін алға қойды. Қаншалықты күш салып әрекеттенсе де, заман ауыртпалығы қол байлау бола берді. Қазан қаласында 1922 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын (1909) қайталап басумен тоқталды. Дәл осы жылы Ташкент қаласында Абайдың өлеңдер жинағы да осы қалыпта басылым көрді.

Абай мұраларының төңкеріске дейінгі жариялану, таралу жайында нақтылы ұғым, белгілі хабар беретін жазба деректердің бірі – “Дала уалаяты” газеті еді.

«Дала уалаятының газеті» қазақ әдебиетінің жәй-күйі мен болашағы, бүгінгі заманға қандай әдеби шығармалар қажет екендігі жайында талай ойлы да құнды материалдар жариялады.

1889 жыл-әдеби тұрғыдан алғанда газет өміріндегі ең бір елеулі жыл. Абайдың екі өлеңі («Жазды күн шілде болғанда» және «Күлембайға») тұңғыш рет баспасөз бетінде жарияланып, әдебиет тарихындағы елеулі оқиғаға айналды.

Ақынның көзі тірісінде сонау қияндағы Қазанда «Князь блан Загифа» (1897 жылы басылған) қиссасындағы кездесетін «Сынағандағы аттың сыны» немесе «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Бүркіт» («Қан сонарда бүркітші шығады аңға») деген атпен Абайдың атақты екі өлеңінің жариялануы назар аударарлық құбылыс. Бұл кітапта қиссаны бастырушы-Бектұрған Сикымбайұлы, өлең етуші-Жанұзақ ақын деп көрсетілген.

«Князь блан Загифа» қиссасы князь атанған жігіт пен Загифа деген ақын қыздың жұмбақ айтысына құрылған. Қиссадағы бас кейіпкер жігіттің өзі арман еткен ат пен құстың сипаты былай еді деп, шығарушы Абайдың атақты екі өлеңін «Сынағандағы аттың сыны», «Бүркіт» деген атпен

түгелімен келтіреді. Бірақ бұл өлеңді Абайдың атынан емес, қиссаны шығарушы өз атынан:

« Насихат қып шығардым, осы сөзді,

Бозбала, осыны оқы сөз таппасаң»,

- деп келтіреді.

Қиссадағы өлеңде кездесетін өзгерістер, өлең жолдарындағы сөздердің орнын ауыстырулар, «кейінгі автордың» өзінше «жаңа жолдар» қосуы мұнда жиі кездеседі.

Абай шығармаларының ең алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербург баспасынан жарық көрді.

Абайды танудың басы, алғашқы адымдары Қазан төңкерісінен бұрын басталған. Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тарағанын еске алу керек. Бірінші жолы- баспа арқылы тарауы; екіншісі- халық арасында ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі- қолжазба көлемінде әр көлемді жинақтар боп, көшіріліп тарауы.

Абайдың өмірі мен шығармалары туралы жазылған зерттеу еңбектерді, монографияларды түгелдей алғанда Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтитын, көп салалы ғылым болып қалыптасты. Басты мәселелер қатарында алдымен Абайдың өмір жолын зерттеу, оның шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындау, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесі жатады. Бұларға қоса Абайдың шығыс, орыс, еуропа әдебиетімен шығармашылық байланысы, ақын шәкірттері, өнерпаздық дәстүрлерінің қазақ әдебиетінде жалғасуы секілді мәселелерге де үнемі назар аударылып келеді. Абайтанудың өзекті мәселелері бұл айтылғандармен шектелмейді. Соның бірі Абай өлеңдерінің жариялану тарихын кеңінен талдау.

Абай шығармаларын жариялау мәселесі 1921 жылдан бастап қана жүйелі арнаға түсе бастады. Осындай ыждаһатпен 1921 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдерінің жинағы шықты.

Бұл жинақтардағы шығармалар 1909 жылғы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды.

Абайдың әдеби мұрасын жұртшылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы, ғалым, Мұхтар Әуезовтың зерттеулері абайтану тарихында ерекше орында. Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына орай басылым көрген Абайдың тұңғыш толық шығармалар жинағы мен Абайдың ғылыми өмірбаянының қоса жариялануы М.Әуезовтың абайтану саласының негізін қалаған тарихи еңбегі ретінде қабылданды.

М.Әуезовтің басшылығымен 1933 жылғы тұңғыш жарияланған толық жинақ ақын мұрасын жалпы бағалауда, танып-білуде орасан зор маңызы бар мәдени құбылыс. Бұл толық жинақтың Абайдың 1909 жылғы Санкт-

Петербургта, 1916 жылғы Орынбордағы, 1922 жылы Қазан мен Ташкентте басылған жинақтарынан көп жағынан айтарлықтай өзгешеліктері бар еді. Бұл жинаққа жаңадан көптеген өлеңдер енгізілген. Сонымен бірге осы жолы «Әзім», «Вадим» және «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін сөзі де тұңғыш рет басылған болатын. Бұрын басылған кейбір өлеңдердің тексті анықталып, түзетулер кіргізіледі. Кітаптың соңында «Абайдың туысы мен өмірі» деген М.О. Әуезов жазған мақала және «Абайдың жазған өлеңдерінің қашан, қалайша жазылғандары туралы түсіндіру, қосымшалар» бар.

Ақынның толық жинағы, кейін 1939-1940 жылдары екі том болып, тағы басылып шықты. Онан соң, әсіресе толығырақ болып топталып, ұлы ақынның жүз жылдық мерекесіне арналған толық жинақ түрінде 1945 жылы басылды. 1945 жылғы толық академиялық жинақ ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналып шығарылды. Бұл жинақта бұрынғы баспаларына еңбеген Абайдың 7 өлеңі берілген («Домбыраға қол соқпа», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Әйелің Медет қызы аты Өрім», «Бөстегім құтылдың ба Көтібақтан», «Мен боламын демендер», «Ойға түстім толғандым», «Қулық пенен сұмдыққа»). «Әзім әңгімесінің» аяғына бұрынғы баспаларында жоқ 12 жол өлең қосылған. Бұрын II томында 37-сөздің ішінде бір басылған шағын бір өсиет сөз, мағына, тақырып жағынан афоризм сөздер тобына жатпайтындығын еске алып, оны өз алдына 45-сөз етіп берген. Бұрынғы баспаларын, қолжазбаларды қадағалап қарау нәтижесінде Абайдың осы баспасында да бірталай сөздер жөнделген. Бірталай сөздеріне жаңаша дұрыс түсініктер, талдаулар берілген.

Абай шығармаларының екі томдық жинағы 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шыққан. Бұл жинақта Абай шығармаларына түсінік жазғандар З.А.Ахметов, И.Т.Дүйсембаев, Ғ.Т.Әбетов және М.С.Сильченко қатысқан.

Ал, алғысөзде осылай десе, бұл жинақта Абайдың бұрынғы өлеңдер жинағына кіріп жүрген өлеңдерінен 11 өлеңі кірмей қалған. «Кім екен деп келіп ем түйе қуған», «Абдрахманға», («Орынсызды айтпаған»), «Разаққа», «Дүйсенқұлға», «Көкбайға» («Бұралып тұрып», «Сорлы Көкбай жылайды»), «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Шәріпке», «Түбінде баянды еңбек-егін салған», «Мен боламын демендер» т.б. Бұл өлеңдердің Абай жинағының («Толық жинағының») ішіне не себепті кірмей қалуы айтылмаған.

1957 жылы «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет» баспасынан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы жарық көрді.

Абай шығармаларының бұл толық жинағы қолжазбалар мен бұрынғы баспаларды, жаңадан тексеріп, зерттеу негізінде баспаға дайындалды.

Бірінші томға өлеңдер мен поэмалар, екінші томға аудармалар мен қара сөздер кіргізілген. Екінші томда Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны берілген. Шығармаларға түсініктер, алфавиттік көрсеткіштер әр томда текстен кейін, ал кісі аттарына түсініктер екінші томның соңында берілген.

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының ең соңғы рет 1977 жылы Қазақстанда «Ғылым» баспасынан басылып шыққаны мәлім.

Осы басылымның бірінші томының басында: «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер пен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып түзетілді. Сондай-ақ Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұйымды ұсыныстар қабылданды» делінген.

Абайдың 1961 жылы жарық көрген шығармаларының бір томдық толық жинағында тұңғыш рет көптеген суреттер мен ақынның соңғы жылдары табылған жаңа өлеңдері кірді. Кітапқа ақынның замандастарының естеліктері берілді. Бұл жинақтың редакциясын Ә.Жиреншин басқарды.

Абайтану тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа тұғырға көтерілді. Бұлай дейтініміз, одан бұрын Кеңес өкіметінің кезінде қыспаққа ұшырап, жарияланбай келген тың мәліметтер басылым бетін көрді.

1995 жылы ұлы Абай өлеңдерінің екі томдық толық жинағы жарық көрді. Бұл жинақты дайындауға З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, М.Мырзахметұлы, Ж.Шойынбетов, Б.Байғалиев, Қ.Мұхамедханов, Ж.Ысмағұлов, Қ.Салғарин қатысты.

Бұл жинақты баспаға дайындау кезінде шығарушылар Мүрсейіт қолжазбаларын, 1957 жылы жарық көрген Абай өлеңдерінің толық жинағын басшылыққа алған. Оны біз 1995 жылы жарық көрген Абай өлеңдерінің екі томдық толық жинағының алғысөзінен көруімізге болады.

Бұл жинақта Алла, Құдай, мінәжат, тәуба, иман сөздері қалпына келтірілген түрде берілген. Сонымен қатар ақын шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздеріне тұңғыш рет ғылыми түсініктемелер берілген.

Әр дәуір, қоғамдық өзгерістер, көзқарастардың жаңаруы оған өз міндетін жүктейді. Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Оның себебі, Абай мұрасы кейінгі кенже ұрпақ үшін қазақ халқының қатпар-қатпар тарихы тәрізді зерттеушілері ой түренін әлі де терең қарпып сала алмай, қойнау- қыртысы ашылмай жатқан тың іспетті. Ақынның мол мұрасы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, ғасырдан ғасырды көктей өтіп, жалғасып кете бермек Тығырыққа тіреліп, қиналған сәтте көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген азамат Абайға жүгінсе, жол таппай қоймайды.

Резюме

В данной статье рассматриваются публикации произведения Абая.

Summary

This article discusses the publication of Abai.

УДК:821.512.122.09

Жайтапова А.А. - п.ғ.д., профессор,
Картабаева А. - докторант

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ - ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа: Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Жаңа заманда оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылып, білім беру үрдісінде құзыреттілік мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Коммуникативтік құзыреттілік – 1) үйренген тілдік құралдарын тілдік қарым-қатынаста таңдап пайдалана білу қабілеті, тақырыпқа сәйкес жағдайды бағалауы, жағдайға тез арада реакция жасап, екінші тілде жауап беруі; 2) тілдік құралдардың қолданысқа түсуі, әр түрлі ситуациялар үшін әр түрлі тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білуі.

Коммуникативтік құзыреттілік адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы әлеуметтік рөлдерді орындауда, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі әдістерін қолдана алу білігін, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілік балалардың білімді жинақтап, өз пікірлерін ашық жеткізуге жетелейді. Оқушылар түгелдей әрекетке түсіп, өз бетінше зерттеуге талпынады. Олардың өз пікірін сыртқа шығаруға әрекет барысында өзіне деген сенім пайда болады. Мұғалім баланың пікіріне құрметпен қарап, тосқауылдан құтқарады. Оқушыда жауапкершілік сезімі пайда болып, болжам жасайды.

Ал, лингвистикалық құзыреттілік – сөйлеу-ойлау қызметі құралы ретінде шет тілін қолдануға дайындықты білдіреді. Шет тілдік қарым-қатынасқа бағыттай отырып оқыту мәселелерін шешу үшін тек теоретикалық қана емес, сонымен қатар кейбір тілдік ережелерді бұзумен болса да белсенді түрде қолданылатын тілдің қызметтік білімі үлкен маңызға ие болады.

Сөйлеу құзыреттілігі прагматикалық қабілеттерін тіл арқылы іске асыра білуі, нақтылай айтқанда, тілдік мәтіндер мен материалдарды оқып, түсіне алуы, қабылданған тілдік ақпараттар туралы өз көзқарасы мен пікірін білдіре алуы, қарсылығын білдіру, құптау, ренжу, таңдану, мақтау, қайта сұрау, ұсыныс жасау, анықтау, шешім қабылдау және басқа да тілдік коммуникациядағы компоненттер бойынша тілді білушінің сөйлеу мен жазудағы деңгейін анықтайды.

Әлеуметтік құзыреттілік – ауызекі сөйлеу немесе тілдің басқа нысандары арқылы тілді қолданушылардың топтарымен қарым-қатынас жасай алуы, оның кәсібіне, қоғамдық-әлеуметтік ортадағы орнына, көзқарасы мен дүниетанымына, білім деңгейі мен мәдени дәрежесіне сәйкес, нақтылай айтқанда, көшеде, үйде, қоғамдық көліктерде, мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық ұйымдарда, теледидарда, оқу орындарында және қарым-қатынас жасау барысында тілдік икемделу қабілеті.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – меңгеріліп отырған тілдің еліндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді, ұлт өкілдерінің ойлау жүйесін білуімен және оларды сол тіл арқылы қолдана білуімен айқындалады. Аталған құзыреттіліктер бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Тірек сөздер: Коммуникативтік, лингвистикалық, тілдік, сөздік, оқу, өтеуші, әлеуметтік-мәдени және лингвоәлемтанушы құзыреттілік.

Аннотация: Цель преподавателя в современном образовании применение возможностей информационной среды, направленной на овладение знаниями и пополнение своего капитала знаний.

В современное время требования, предъявляемые учащимся, растут. Требованием современности является формирование компетенций, в связи с чем, во время учебного процесса, вопросу компетенций уделяется большое внимание. Коммуникативная компетентность – 1) умение использовать освоенные языковые средства в общении, умение оценить ситуацию, своевременно реагировать в ситуации умение на другом языке, 2) умение правильно использовать различные языковые средства в зависимости от ситуации.

Коммуникативная компетентность рассматривает умения построения отношений и взаимодействия с людьми, использования различных средств связи для принятия решений в определенных условиях, навыки работы в различных социальных группах, наличие навыков установления контактов на иностранном языке в международных отношениях.

А также, коммуникативная компетентность ведет к обобщению знаний и открытому выражению своих мнений. Все ученики задействуют и стремятся самостоятельному исследованию. При высказывании мнений у них появляется уверенность в себе. Учитель с уважением относится к точке зрения ученика устраняет барьер. Ученики проявляют чувство ответственности и прогнозируют.

Лингвистическая компетентность как функция речи-мышления означает готовность использовать иностранный язык. Направляя на иностранное отношение не только изучение теории, но и активное применение образовательной функции языка приобретает важную значимость.

Языковая компетентность определяет уровень речи и письма говорящего, умение чтения текстов и материалов, понимание, умение выражать недовольство, согласие, обиду, восхищение, благодарность, повторное обращение, консультацию, определить, принять решение.

Социально-культурная компетенция определяется знанием национально-культурных особенностей изучаемой страны, систем мышления представителей наций и умения использовать их посредством языка. Вышеназванные компетенции очень тесно связаны между собой. При оценке иностранного языка определяется культура речи, грамотность, правильное произношение.

Ключевые слова: Коммуникативная, лингвистическая, языковая, речевая, учебная, компенсаторская, социокультурная и лингвострановед-ческая компетенция.

Annotation: The purpose of teacher in the modern education to use opportunities of the information environment aimed at the acquisition of knowledge and the completion of its knowledge capital.

In modern time requirements for students grow. Requirement of modern times is the formation of competences, in connection with which, during the learning process, the issue of competences paid much attention. Communicative competence - 1) mastered the ability to use language tools to communicate, the ability to assess the situation, to react in a situation of skill in another language, 2) the ability to correctly use a different language means depending on the situation.

Communicative competence examines relationship building skills and interaction with people, the use of various means of communication for decision-making in certain conditions, skills in various social groups, have the skills to establish contacts in a foreign language in international relations.

And also, communicative competence leads to synthesis knowledge and open expression of their views. It involves all students and seeks independent study. The teacher respects the point of view of the student removes the barrier. Students display a sense of responsibility and predict.

Linguistic competence as a function of speech-thinking means a willingness to use a foreign language. Geared toward foreign relation not only to study the theory, but also the active use of the educational function of language becomes an important significance.

Language competence determines the level of the speaker's speech and writing, the ability to read texts and materials, understanding, the ability to express discontent, consent, resentment, admiration, gratitude, re-treatment, consultation, determine the decision.

Socio-cultural competence determined by knowledge of the national and cultural characteristics of the studied countries, systems thinking of representatives of nations and the ability to use them through language. The above competencies are very closely linked. In assessing foreign language the speech, literacy, correct pronunciation are determined.

Key words: *Communicative, linguistic, language, verbal, academic, compensatory, sociocultural, cultural competence.*

Шет тілін оқытудың прагматикалық аспектісінің мақсаты оқушылардың білімі, қабілеттілігі мен икем-машығын қалыптастырумен байланысты, сол тілді меңгерумен қатар, тілді оқытылып жатқан елдің этномәдени құндылықтарымен тығыз байланысқа түсіп және де мәдениетаралық өзара түсіністік пен бірін-бірі тануда шет тілін практика жүзінде емін еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

Білімнің, қабілеттілік пен икемнің бірігуі оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін құрайды. Коммуникативті құзыреттілік тұжырымдамасы адамның академиялық және базалық тұлғаралық коммуникативтік біліктіліктің арасына шек қоюға талпыныс жасаудың нәтижесі болып табылады.

Шет тілін оқыту процесіндегі коммуникативті тәсіл ретінде шет тілінде сөйлеуді қалыптастыру қажет, басқаша айтқанда, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру керек. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз, сөйлеу қызметінің барлық түрін: оқу, сөйлеу (монолог, диалог), жазуды пайдалана алу.

Шет тілінде сөйлеу процесі тек қана ақпарат алмасу процесі ретінде ғана емес, сондай-ақ, серіктестер арасындағы қарым-қатынасты реттеу, қарым-қатынастың әр түрін қалыптастырудың, қарым-қатынас жағдайын сараптау мен бағалаудың, өз коммуникативтілігінің шамасын субъективті бағалаудың және қажетті шешім қабылдаудың түрі ретінде де зерттеледі [1].

Коммуникативті құзыреттіліктің бастаушы компоненттері болып мыналардың негізінде қалыптасатын тілдік (коммуникативтік) қабілеттер жатады:

- тілдік қабілеттер мен біліктіліктер;
- лингвоәлемтану мен әлемтану білімінің болуы;

Коммуникативтік құзыреттілікке төмендегідей маңызды қабілеттіліктер жатады:

- қиын емес түп нұсқалық мәтіндерді оқу, түсінуі (негізгі мазмұнын түсіну және толықтай түсіну);
- оқу-еңбек, мәдени және тұрмыстық саладағы күнделікті жағдайда ауызш қарым-қатынас жасай білуі;
- өзі, қоршаған ортасы туралы ауызша айтаалуы және өз ойын, көзқарасын, мазмұнын жеткізе білуі;
- ақпаратты (хат жазабілу) жазбаша түрде рәсімдей алуы.

Шет тілдер бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарында коммуникативті құзыреттіліктің ең төмен деңгейін осылайша анықтайды [2].

Тілдік коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз тіл үйренушінің қарым-қатынас жағдайына байланысты өзінің тілдік қабілетін мақсатты түрде пайдалана алу мен сөздік, тілдік және әлеуметтік-мәдени білімдерінің деңгейі.

Шет тілдік коммуникативтік құзыреттілік коммуникативті биомәдени дамудың негізін қалайды.

Шет тілдік коммуникативтік құзыреттілік аса қажет және үйренушінің тұрмыста, педагогикалық, ғылыми, іскерлік, саяси және мәдени-саяси қарым-қатынасты сауатты шешуге және өзін-өзі коммуникативті және әлеуметтік-мәдени дамытудағы қажетті мүмкіндіктер мен қасиеттерді дамытуда да аса керек [3].

Шет тілдік коммуникативтік құзыреттіліктің күрделі құрылымы мен бірнеше құзыреттіліктерден тұрады.

Лингвистикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Оның мазмұны адамның грамматикалық формаларды және синтаксистік құрылымының нақты бір тілдік нормаларға сәйкес құраалу қабілетін құрайды.

Лингвистикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, тілдік және сөздік құзыреттіліктерге бөлінеді. Лингвистикалық құзыреттілік келесі түрлерден құралады:

Тілдік құзыреттілік – бұл тілдік жүйе саласындағы (бағдарламалық минимум көлемінде) білім, осы білімдерді пайдалана білу қабілеті.

Сөздік құзыреттілік – тілдік мінез-құлықтық нормаларын меңгеруі (сөздік қызметтің барлық түрлерінде).

Оқу құзыреттілігі - бұл адамның шет тілін оқу пәні ретінде оқу қызметін сапалы ету қабілеті мен оған дайындығы.

Оқу құзыреттілігінің оқушылар үшін маңызы:

- оқушылардың тіл үйрену кезіндегі өзіндік жұмысын ұйымдастыру және барынша белсенді ету;

- шет тілін үйрену кезінде дене, ой-өрістік шығындарды азайту және уақытты үнемдеу;

- шет тілдегі қарым-қатынас сапасын жақсарту;

- пәнге деген қызығушылықты арттыру;

Оқу құзыреттілігін қалыптастыру процесінің мазмұнына мыналар кіреді:

- оқу ісін тиімді ұйымдастыру саласында өзіндік шығыс жағдайын диагностикалау біліктілігі; жеке тұлғалардың өзіндік ерекшеліктеріне сай оқу қызметінің тәсілдерін алып қою; жеке адамға арналған қажетті оқу қабілетінің жекешелендірілген жиынтығын қалыптастыру және оны белсенді түрде пайдалану, осы таңдаудың дұрыстығын өз бетімен бақылай алу.

- шет тілдік қарым-қатынасқа арналған арнайы оқу тәсілдерін меңгеру; шет тілдік материалдарды есте сақтауда тиімді әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру; тілдік материалдарды өз бетімен белсендендіру, пәнаралық байланыстарды

бақылау, шет тілдік әрекеттерді орындауда серіктестікпен жұмыс істей білу, шет тілдік элементтермен жұмыс істеу барысында қиыншылықтарды көре білу.

Өтеуші құзыреттілік - шет тілінде сөйлеу кезіндегі қиыншылықтарды жеңе білу қабілеті, яғни, оның қалыптасқан шет тілдік білімі мен білігіндегі қателіктерді түзету қабілеті және оған дайын болуы.

Өтеуші құзыреттіліктің мағынасы:

- шет тілді түсінбеуде, әлеуметтік-мәдени бірліктерді игермеуде кездесетін қиыншылықтарды жеңуге септігін тигізеді;

- тілдіктосқауылдыжойып, нығайтады;

- ана тіліндегіөзініңкоммуникативтікқұзыреттілігіндамытады [4].

Өтеуші құзыреттіліктіңқұрылупроцесініңбарысы:

- қарым-қатынастағы ауызша немесе ауызша емес құралдардың жеткіліксіздігін білу (синонимдер, бүкпелеу, мимика, ым, денеқимылы); өтеуші стратегиялар – тілдік мінез-құлықтың модельдері, алға қойылған коммуникативтік мақсаттарға қайталай жету үшін тілдік қимылдарды жинау.

- синонимдерді пайдалану біліктілігі мен әдеті, бүкпелеу, жалпылама сөздер, ұқсас сөздерді пайдалану, ассоциация, көпсөзділік, сөз тудыруды білу, суреттеме беру трансформация, сөздер тізбегін қайталау, сұрақ қою, қарым-қатынас жасау бойынша серіктесінен көмек сұрау.

Әлеуметтік-мәдениқұзыреттілік – үйренуші шет тілде сөйлейтін әлеуметтік нормаларды есепке ала отырып сөздік және сөздік емес мінез-құлықты құру қабілеттілігі:

- әлемдік және ұлтық менталитетті білу;

- кездесетін мәдени қиындықтармен күресу, жою;

- басқа әлеуметтік мәдени қоғам туралы өзіндік әлемтану көзқарасының кеңеюін сезіну.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік келесі түрлерге бөлінеді:

- Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік лингвистикалық формаларды таңдауды және тілдік сөйлеу тәсілін коммуникация актісі жағдайында, яғни, қарым-қатынас жағдайын мақсатты түрде, қарым-қатынас серіктестерінің әлеуметтік рөлдері бойынша таңдауды мақсат тұтады.

- Мәдениеттану құзыреттілігі оқушылардың тілін үйренуші елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін үйрену мен байланысты және өзінің сөздің және сөздік емес мінез-құлқымен осы ерекшелікті үйренуімен де тығыз бірлікте. Мына мәліметтерді білуі тиіс: ел туралы, үйренетін тіл туралы, оның географиялық орналасу жағдайы туралы, табиғи жағдайы туралы, көрікті жерлері туралы, мемлекеттік құрылымы жөнінде, тілін үйренгелі отырған елдің тұрмысы мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктері туралы, шет тілінде сөйлеушілердің тілдік және тілдік емес ерекшеліктері туралы.

- Лингвоәлемтанушы құзыреттілік эквивалентсіз лексиканы оның ана тілінде қалай айтылатынын білуі керек; реңті лексика, мәтіндерді үйрену барысында қолданылатын реалилер, ана тілдегі сөздерді шет тілінде беру тәсілдерді (оқытылып жатқан тақырыптары мен сөздер) меңгеру [5].

Қарым-қатынас жасау барысында сөйлесетін серіктестің әлеуметтік жағдайын білу, оның дәрежесі, бағыты, қарым-қатынас жасауда альтернативті тілдік құралдарды таңдауда ситуациялық рөлдерді білу үлкен орыналады.

Жоғарыда аталып өткен коммуникативті құзыреттіліктердің негізінде «әлеуметтік контекстегі тілдік жағдайларды қалыптастыру мен бақылау жасауға қажетті құрал» ретінде анықталуы мүмкін.

Коммуникативті құзыреттіліктің қалыптасу мақсаты - коммуникативті акт құру.

Бұл мақсатқа жетудің құралы - коммуникативті құзыреттіліктің құраушы құрамдары (тілдік білім мен білік, сөздік біліктілік, оқу мазмұнының лингвоәлемтанушылық құзыреттілігі). Коммуникативті құзыреттіліктің негізгі компоненті тілдік құзыреттілік болып саналады, оның негізінде грамматикалық дұрыс формаларды, синтаксистік сөйлемдерді дұрыс құруды, сөздердің мағыналық үзіктерін түсіну, шет тілі нормаларына сәйкес құрылғандығын анықтайды [6].

Грамматиканың лексикадан үстемдігін, керісінше, лексиканың грамматикадан үстемдігін айқындау еш мүмкін емес.

Тілдің грамматикалық құрылымын білмей тұрып, шеттілдің коммуникативтік мәселелерін шешу мүмкін емес.

Дегенмен де, тілдің грамматикалық жүйесін меңгеру тек қана лексиканы білу арқылы ғана жүзеге асырылады.

Осылайша, грамматикалық және лексикалы біліктілік пен амалдар, сөздік біліктілік пен тәсілдерге сүйене отырып, тілдік құзыреттіліктің орталығы болып саналады.

Грамматикалық формалар мен сөз тіркестерін білген сәттен бастап, оның адам еститін, оқитын, айтып, сөйлейтін дыбыстар жиынтығы мағыналы лексикалық мәнге ие болады.

Әр оқушы өз бетінше және де біздің мемлекетіміз толықтай әлемдік нарыққа шығу мақсатында және де әлемдік мәдениетке қосылу үшін шет тілін практика жүзінде меңгеруге қызығушылық танытып отыр.

Сондықтан да коммуникативтік құзыреттілік басым мақсат болып табылады.

Сонымен қатар, шеттілі - бұл өзінің ортақ мәдени деңгейін, ойлау қабілетін, білім мен білігін, өзгенің ойын бағалай алатын, өзгенің шығармашылығын бағалайтын құрал болып табылады.

Сөйтіп, шет тілін меңгеру тәсілдерінің ішінен жоғары басымдылық потенциалдар беріледі:

Ойды кеңейтіп, тілді дамытып, сөзді мәнерлеп, сезімді, образды көбейтіп, ортақ мәдениет пен әлеуметтік мінез-құлықты дамытатын шет тілін меңгеру деңгейі үдей түседі.

Осылайша, коммуникативті құзыреттілік дегеніміз - тілдік материалдармен орындалатын білім мен біліктілікті, амал-тәсілдерді біріктіру.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Астапова Н.О. Лингвистические аспекты межкультурной коммуникации. - Барнаул, 2007. – 256 с.
- 2 Казарцева О.М. Культура речевого общения: теория и практика обучения: Учеб.пособие/ О.М. Казарцева, - М., 2005. – 210 с.
- 3 Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителя / Н. Д. Гальскова. - М.: АРКТИ, 2003. -192 с. 5.
- 4 Литвинов М. В. Методика преподавания иностранных языков: учеб. Пособие/ М. В. Литвинов. - М.: Высшая школа, 2006. – 235 с.
- 5 Нарымбетова Ж. С. Формирование лингвокультурологической компетенции будущего учителя иностранных языков в контексте его подготовки к межкультурной коммуникации (английский язык, языковой вуз): Каз. ун-т международных отношений и мировых языков. - Алматы: 2009 - 23 с
- 6 Елизарова Г. В. Формирование межкультурной компетенции у студентов в процессе обучения иностранным языкам: автореф. / Г. Р. Елизарова. - С-П, 2001. - 16 с.

Резюме

В статье рассматривается содержание коммуникативной, лингвистической, языковой, речевой, учебной, компенсаторной, социокультурной компетентности, а также их роль в формировании языковых способностей и умений в процессе обучения иностранного языка, их значение в таких речевых формах, как чтение, говорение (монолог, диалог) и письмо.

Summary

The article discusses the content of communicative, linguistic, language, speech, learning, compensatory, sociocultural, lingua-cultural competence as well as their role in the formation of language abilities and skills in learning a foreign language, their value in such forms of speech, such as reading, speaking (monologue, dialogue) and the letter.

ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ДИСКУРС И ЕГО ТИПОЛОГИЯ DISCOURSE AND ITS TYPOLOGY

ОӘЖ 81'23 16.21.27

Абдрахманова К.Х. - ф.ғ.к., доцент

АРАБ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

***Аңдатпа:** Мақалада алғашқы араб тілінің морфологиялық құрылымының зерттелу тарихы және араб тілінің типологиялық құрылымының ерекшелігі жайында баяндалады. Семит тілдер тобы, соның ішінде араб тілінің басқа тілдер тобынан айырмашылығы - ішкі флексияның болуы, дыбыстық заңдылыққа сай дауысты және дауыссыз фонемалардың ауысып, қосылып келуінде. Араб тілінде флексия және агглютинация элементтерінің бар екендігі айтылады.*

***Тірек сөздер:** флексия, агглютинация, типологиялық құрылым, дыбыс сәйкестігі, тарихи дерек.*

Алғашқы араб жазуы ислам дінінің келгеніне дейін пайда болған. Ол консонантты — әріптік сипатқа ие, оңнан солға қарай жазылады (батыссемиттік жазудың негізгі талаптарына сәйкес). Оның прототипі ретінде өз алдына арамей тіліне (сол арқылы финикийге) шығатын набатей жазуы (б.з.д. IV - б.з. I ғ.) қолданылған. Набатей жазуын Синай түбегі мен Солтүстік Аравияның арабтілді тұрғындары тіпті VI ғ. дейін қолданған.

Араб жазуы VI ғ. басында Лахмид араб князьдігінің астанасы Хира қаласында дамыды. Кейінгі даму кезеңі VII ғ. ортасынан басталады, Құранның алғашқы жазылу үлгісі де осы кезеңде (651) бастау алған. VII ғ. екінші жартысында араб тілінің алфавитіне қосымша *шадда* (екі бірдей дыбыстың қайталанып келгенде қойылатын белгісі), *қысқа дауысты дыбыстар* (*фатха*—*а* белгісі, *дамма*—*у* белгісі, *касра*—*и* белгісі), *тануин* (белгісіз халде тұрған есім сөздерге жалғанатын септік жалғаулар: *ан* - *’*, *ун* - *’*, *ин* - *’*), *сукун* (екі дауыссыз дыбыс қатар келсе алғашқысына қойылатын белгі - *°*) белгілері енгізілді. VIII ғасырдың ортасына таман араб алфавитін көптеген мұсылман халықтарының қолдануына байланысты (соның ішінде өз тілдеріндегі мәтіндерді жазу үшін де) жаңа графикалық жүйелер пайда бола бастады. Мысалы, түріктер және Орта Азия елдері араб алфавитін өзтілдеріне енгізді. VIII-XII ғасыр аралығында араб тілі Таяу және Орта Шығыс елдерінде халықаралық тілдер құрамында болды. Осы тілде әдеби және ғылыми прозалар, классикалық поэзия жазылып, дамыды. Атақты ортағасырлық шығыс ғалымдары араб тілінде шығармалар жазды. Мысалы: Түркістаннан әл-Фараби (870–950), Бұхарадан Авиценна (Ибн Сина, 980–1037), Хорезмнан әл-Бируни (973 –1050), Андалусиядан Аверроэс (Ибн Рушд, 1126–1198) және т. б. Бертінкеле, XX ғасырдың басында оның таралу шекарасы айтарлықтай кеміп, түріктер өз жазу жүйесін латын алфавитіне, Орта Азия елдері орыс алфавитіне көшірді.

Алғаш рет араб грамматикасын құрастыру әрекеті Али халифтің замандасы Абу л-Асуад ад-Ду'алиден бастау алды. Ол өзінің еңбегінде араб тілі грамматикасындағы сөз табын үлкен үш топқа бөліп көрсетеді: есім, етістік және шылаулар. Қысқа дауысты дыбыстарды таңбалайтын белгілер енгізіп, алғаш рет әртүрлі қосымшалар арқылы сөздердің түрленіп, жаңа бір тұлғаға ие болатынын айтады. Оның шәкірттері Яхия ибн Яа'мар, 'Анбаса ибн Ма'дан ал-Фихри және Абу 'Амр 'Иса ибн 'Умар ас-Сакафи араб тілін зерттеу барысында құнды еңбектер қалдырған.

Араб тілінің типологиялық құрылымы көптеген уақыт бойы белгісіз болып келді. Кейбір ғалымдар арасында семит сөздерінің құрылымын біркелкі түсінбеушіліктің салдарынан (морфемдік бөлшекке дұрыс бөлмеу, морфемнің құрылысын және олардың арасындағы байланыстың өзгешелігін дұрыс анықтамау) араб тілін флективті тілдер тобына жатқызды (А. Шлейхер, Г.Штейнталь, Н. Финк, К. Броккельман, П.С. Кузнецов және т.б.). Ал кейбір ғалымдар (И.М. Дьяконов, Б.А. Серебренников және т.б.) араб тілінің флективті табиғатын өзгертпей, ондағы агглютинация бірліктерінбір-бірімен теңестіре отырып, араб тілін флективті-агглютинативті тілдер тобына жатқызған. Ең алғаш араб тілінің бұл ерекшелігін Ф.Ф.Фортунатов зерттей келе, семит тілдерін флективті-агглютинативті тілдер тобына жатқызады. Бірақ Ф.Ф.Фортунатовтың идеясы лингвистер арасында өз деңгейінде қолдау таппай, көптеген ғалымдар осы уақытқа дейін араб тілін флективті тілдер тобына жатқызуда [1.87].

Тіл білімі саласында араб тілінің құрылымы, сөз таптары, түбір және туынды морфемалар, олардың бір-бірімен байланысу ерекшеліктері ғылыми

тұрғыдан толық, әрі жан-жақты зерттеу нысаны болмады. Көптеген ғылыми еңбектер тек дәстүрлі мәселелерді қамтыды, олар көбінесе тарихи семит тіл білімінде семит түбірінің құрылымын, тарихын, даму жолдарын ғана зерттеді. В.П.Старинин «Структура семитского корня» атты еңбегінде семит түбірінің құрылымына жан-жақты талдау жасап, оны флективті және агглютинативті тілдердің түбірімен салғастыра зерттеген. Ол негізді - консонантты түбір және вокалды диффикс (трансфикс) деп бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқтап, талдау жасаған [1.15].

Дәстүрлі морфологиялық классификацияда араб тілі фузия және агглютинация элементтері бар флективті тілдер тобына жатады.

Жалпы араб тілінің басқа тілдер тобынан айырмашылығы - ішкі флексияның болуы, дыбыстық заңдылыққа сай дауысты және дауыссыз фонемалардың ауысып, қосылып келуі. Осындай ерекшеліктеріне байланысты бір сөзден әртүрлі құрылымдар немесе түбірі бір әртүрлі сөздер жасалады.

Н.В.Юшмановтың пікірінше, араб тілінде агглютинативті бірліктердің көрінісі – сөздің сыртқы белгісіне грамматикалық категорияның жабыстырылған түрде берілуі. Мысалы: *йа-клуб-ў-на* «олар жазып отыр», осындағы *-йа* «ол», *клуб* «жазушы», созылыңқы *ў* – көпше түр, *-на* ашық рай. Ал флективті кезеңге: «что касается основной семитских языков стадии – флективной, она противопоставляется аморфно-синтетической тем, что флективное слова снабжена внешними признаками грамматических категорий и может занимать любое место в предложении, не меняя своей функции» [2, 98] деп, агглютинативті кезеңде грамматикалық категорияны білдіретін тілдік элементтер түбір сөзді өзгертпей, соңына жалғасып жалғанса, флективті сөзде грамматикалық категорияны білдіруші тұлғалар сөздің соңына жалғанбай, сол сөздің құрылымын іштей өзгертеді (дауысты дыбыстар менасы, дауыссыз дыбыстар менасы, екпін менасы т.б.). Флективті тілдерде қосымшалар түбірдің құрамына өзгерістер енгізеді, сондықтан сөздің көлемі ұзармай, түбір өз ішінен өзгеріп, жаңа сөз тудырып отырады: كَاتَبَ [kataba] → كَاتَبَ [kātaba], كَاتِبَ [kātibun], كُتِّبَ [kuttābun] және т.б.

